№03 (288).
30 қаңтар,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры, жазушы



adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru



КОНСТИТУЦИЯҒА ЕНГІЗІЛЕТІН ӨЗГЕРІСТЕР ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУЫН САПАЛЫ ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРЕДІ

Бүгін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Волонтерлер форумында сөз сөйледі. Мемлекет басшысы болашақта Конституцияға қандай да бір өзгерістер, тіпті, шағын өзгерістер енгізу керек болып жатса, ондай қадамды тек референдум арқылы ғана жасауға болатынын мәлімдеді.

– Қымбатты достар! Волонтерлер форумы елдің тағдыры, ұлттың болашағы айқындалатын шешуші сәтте өтіп жатыр. Мен былтырғы Жолдауымда алдағы саяси жаңғырудың негізгі бағыттары туралы ұсыныстарымды айттым. Бұл бастамалар қоғамның кең қолдауына ие болды, оны бүкіл ел болып талқыладық. Жарты жылдан бері конституциялық реформаға қатысты қызу пікірталас жүріп жатыр. Партиялардан, депутаттар мен сарапшылардан, заңгерлер мен қоғам белсенділерінен мыңдаған ұсыныс келіп түсті. Онда мемлекеттің институционалдық негіздерін өзгертуден бастап, Ата Заңның мәтінін редакциялауға дейін, өте көп мәселе қамтылды. Азаматтардың белсенділігін ескере отырып, мен Ұлттық құрылтайдың Қызылордадағы отырысында бірқатар бастаманы жұртшылықтың назарына ұсындым. Оның бәрі бүкіл мемлекетті басқару жүйесін тиімді, орнықты әрі теңгерімді етуді көздейді. Барша әлем өзгеріп, заман бұлыңғыр болып тұрған қазіргі алмағайып кезеңде, бұл – өте маңызды мәселе.

Халықтан келіп түскен ұсыныстарды жүйелеп, жинақтау үшін Конституциялық комиссия құрылды. Оның құрамына барлық аймақтың өкілдері мен түрлі санаттағы азаматтар, халық қалаулылары, орталық атқарушы органдардың басшылары, құқықтанушы ғалымдар, тіл мамандары және белсенді жастар кірді. Қоғам өкілдерін қамту ауқымы, кәсібилік мен азаматтық жауапкершілік тұрғысынан алғанда, мұндай комиссия елімізде бұрын-соңды болмаған деп сеніммен айтуға болады. Комиссия жұмысы еліміздің қоғамдық-саяси өміріне тың серпін берді. Комиссия мүшелері конституциялық реформаға қатысты әр мәселені егжей-тегжейлі қарап, жанжақты талқылап, ауқымды жұмыс атқарып жатыр. Осыған дейін Комиссияның 5 отырысы өтті. Оның бәрі әлеуметтік желіде тікелей эфирден көрсетіліп, ақпарат құралдары арқылы кеңінен таратылды. Мен талқылау барысын мұқият қадағалап отырмын. Осы орайда, Ата Заңымызға қатысты көптеген прогрессивті, инновациялық ұсыныс берілді деп сеніммен айта аламын. Түптеп келгенде мұның бәрі еліміздің Ата Заңына негіз болады. Бұл әлемде қалыптасқан қазіргі күрделі кезеңде біртұтас Қазақстан халқына бағыт сілтейтін маңызды құжатқа айналады деп сенемін.

Конституция, бұл – кез келген елдің ең басты жол көрсететін құжаты, темірқазығы. Конституцияны бәріміз білуіміз керек, бағалауымыз қажет. Сондықтан егер болашақта Конституцияға қандай да бір өзгерістер, тіпті, шағын өзгерістер енгізу керек болып жатса, ондай қадамды тек референдум арқылы ғана жасауға болады деген ойдамын. Бұл да халқымыздың азаматтық құқығын күшейтудің маңызды тәсілі деп сенемін.

Комиссия мүшелері ұсынған заңнамалық ережелерде адам құқықтары бәрінен жоғары тұратыны және адам капиталы ең қымбат құндылық екені айқын көрсетілген. Сондай-ақ әр азаматтың өз әлеуетін іске асыруға теңдей мүмкіндік беретін әділ қоғам құруды көздейді. Ғылым-білім, инновация салаларын дамытудың маңызына ерекше назар аударылып отыр. Жаңа тарихи кезеңде еліміздің цифрлық дәуірге бейімделуі жеткіліксіз. Жасанды интеллект және басқа да озық технологиялар біздің қоғамға қызмет етуі қажет. Сондықтан даму көшінің бағытын нақты айқындауымыз керек. Ата заңымызда адамгершілік құндылықтарды ерекшелеп, бөлек жазу ұсынылды. Бұл да – өте маңызды. Басқаша айтқанда, адам жасанды интеллектіге қызмет етпейді, керісінше, адамзаттың ақыл-ойынан туындаған жасанды интеллект тұрмыс-тіршіліктің барлық саласында толайым табысқа жетуі үшін азаматтарға көмектеседі.

Конституцияда гуманитарлық құндылықтарды қалыптастыру маңызды деп санаймын. Атап айтқанда, жалпыұлттық бірегейлікті нығайтуға, табиғатты аялауға басымдық беру жөнінде сөз қозғап отырмыз. Бұл мәселе бүгінгі баяндамашылардың сөзінде қамтылды. Идеяларыңызды қолдаймын. Сонымен қатар бай мәдени мұрамызды сақтауға, дәріптеуге бағытталған волонтерліміздің қызметін де қуаттаймын. Конституцияға енгізілетін өзгерістер еліміздің дамуын жаңа әрі сапалы деңгейге көтереді. Бүкіл мемлекеттік жүйені қайта құрып, билік пен қоғамның ықпалдастығын жетілдіре түседі. Ұсынылған түзетулердің ішінде жауапты әрі жасампаз отаншылдық туралы идея бар. Патриотизм – құр ұран емес. Бұл қасиетті ұғымға жауапкершілікпен қараған абзал, – деді Президент.

ЖЕМҚОРЛАР ЕНДІ САЙЛАУҒА ҚАТЫСА АЛМАЙДЫ

Сенат депутаты Нұрлан Бекназаров Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның екінші отырысында Ата заңға жемқорлардың сайлану құқығын шектейтін норма енгізуді ұсынды, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.



Сот әрекетке қабілетсіз деп танылған және сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарындағы Қазақстан азаматтарының сайлауға, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ. Сонымен қатар сот әрекетке қабілетсіз деп танылған, заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыс немесе құқық бұзушылық жасауда кінәсі сотта белгіленген тәртіппен танылған азаматтардың сайлануға құқығы болмайды, - деп түсіндірді ол.

Сенатордың сөзінше, бұл Мемлекет басшысының жиі айтып жүрген сын-ескертпелерінің бірі.

Бұл жаңашыл нормадағы ерекше назар аударатын түзету қазіргі таңда қоғамда өте жағымсыз сипат алған сыбайлас жемқорлық қылмыс және құқық бұзушылық әрекеттеріне қатысты талаптардың қатаңдатылуы болып саналады, - дейді Нұрлан Бекназаров.

БІРЛЕСКЕН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ КЕҢЕЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Халықаралық ғылыми-техникалық орталықтың (ХҒТО) Атқарушы директоры Карина Ангелиева бастаған делегациясымен кездесу өткізді.



Қазақстан ХҒТО қызметіне 10 жылдан астам уақыт бойы белсенді түрде қатысып, ғылым мен технологиялар саласындағы ынтымақтастықты жүйелі түрде дамытып келеді. Осы кезеңде елімізде орталықтың 50-ден астам жобасы жүзеге асырылып, оған 1500-ден астам ғалым тартылды. 2015 жылдан бастап ХҒТО-ның штаб-пәтері Астана қаласында орналасқан, бұл Қазақстанның ұйым қызметіндегі стратегиялық рөлін айқындайды.

Кездесу барысында тараптар өткен жылдағы ынтымақтастықтың қорытындыларын шығарып, серіктестікті кеңейтудің перспективалы бағыттарын талқылады.

Карина Ангелиева өзара тиімді ықпалдастықты тереңдетуге, Қазақстанның ХҒТО аясындағы ғылыми-техникалық жобаларға және Horizon Europe сияқты халықаралық бағдарламаларға қатысуын кеңейтуге бағытталған бірқатар бастамаларды ұсынды.

Өз кезегінде министр Саясат Нұрбек ХҒТО-мен орнықты әріптестікті одан әрі дамытуға, сондай-ақ бірлескен ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларды іске асыруға Қазақстанның мүдделі екенін растады.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің материалдары негізінде әзірленді

ҚҰРБАНДАР МЕН АНТ ҰРҒАНДАР

Саяси қылмысқа тапсырыс бергендер
Тиісті жауапкершіліктен құтылып,
Оны орындағандар "торға тұтылуда"!
"Өзгеше ойлайтын" мыңдаған құрбандардың
Дереккөздік құжаттары құртылып,
Өздері мал құрлы болмай жойылуда!?

Автор.



12.10.2025

Эпиграф ретіндегі бұл тұжырымым КСРО ДСМ бас психиатры Карпов А.С., Чуркин А.А., ІІМ жауапты қызметкерлері Ковалев А.А. мен Решетов Ю.А.; Ленинградтың Бехтерев В.М. атындағы ҒЗИ директорының орынбасары, КСРО халық депутаты Ю.В. Поповтың пікірлеріне, сонымен қатар Мәскеу мен Ленинградтың тәуелсіз және мемлекеттік психиатриялық зерттеу және ақтау жөніндегі сот-психиатриялық амбулаторлық сараптау комиссияларының мүшелерімен болған ресми талқылаулардағы түсіндірулеріне; тәуелсіз психиатрлар ассоциациясының президенті Ю.С. Савенконың пайымдауларына сүйенген; КСРО ҒА академигі, қоғамдық құқық қорғаушы, Нобель сыйлығының лауреаты А.Д. Сахаровтың ресми мәліметтеріне, сондай-ақ ҚР ДСМ 22.07.2021 N 09-1-09/ЖТ-К-3951, 15.12.2023 N ЖТ-2023-02477250 жауап хаттарындағы көрсетулері мен тағы да басқа қолжетімді болған дереккөздерге негізделген.

Құрметті "Әділеттің" оқырмандары мен жазылушылары!

Қадірлі Отандас азаматтар мен басқа да тұлғалар!

Сіздің өзіңізді, жақын туысқандарыңызды, достарыңыз бен таныстарыңызды, осында келтірілген "жағдайлардың" мән-мағынасы қызықтырып, мүдделілік танытсаңыз, онда компартиялық-кеңестік үкіметтің "қылышынан қан тамып тұрған", "ұр да жық" деген дәуірінде орын алған, негізінен 1955-1990 жылдары деуге болатын, саяси психиатриялық қуғын-сүргіннен зардап шегіп, құрбан болған "өзгеше ойлайтындар" деп аталған Адамдар болған.

Осы ретте өзімнің және отбасымның ар-намысы, қадір-қасиеті, кәсіби біліктілігімді сот тәртібімен қорғау, құрбандар ретінде ақталу үшін күресімнің, сонымен қатар одан да "ауыр жағдайдағы" басқа да азаматтардың тағдырлары ойландыруы мүмкін ғой.

5-бетте »



Қосшыдағы 10 жасар қыздың өлімі: ДӘРІГЕРЛЕР СЕБЕБІН ӘЛІ АНЫҚТАЙ АЛМАЙ ОТЫР

4-бетте »



ЕСТІГЕНДЕЙ ЕЛІГЕМ ТӘҢІР ҮНІН

6-бетте »

ТҮРКІСТАН ТЫНЫСЫ

Әділет Рухани жаңғыру

adilet-gazeti.kz

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ЖАҢА ЗАУЫТТАР МЕН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ АШЫЛАДЫ

Түркістан облысында инвестиция тартуды, инвестициялық ахуалды жақсартуды және жаңа жобаларды іске асыру мәселелерін талқылау мақсатында облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен инвестициялық штаб отырысы өтті. Отырысқа салаға жауапты облыс әкімінің орынбасарлары мен басқарма басшылары, аудан, қала әкімдері, бизнес өкілдері мен инвесторлар қатысты.

Күн тәртібінде бірнеше маңызды мәселе қаралды. Бірінші кезекте, іске асырылып жатқан инвестициялық жобалардың өзекті мәселелерін шешу жолдары талқыланды. Түркістан облысында биыл жүзеге асырылатын жаңа инвестициялық жобалар мен 2025 жылы өтетін форум аясында қытайлық инвесторлармен жүргізілген келіссөздердің нәтижелері бойынша атқарылған жұмыстар жайында баяндалды.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеров инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жан-жақты қолдау көрсету қажеттігін атап өтіп, инфрақұрылым мәселелерін жедел шешу бойынша тапсырмалар берді.

– Біздің басты мақсатымыз – Түркістан облысында инвестициялық ахуалды жақсарту. Бұл тек экономиканы дамытуға ғана емес, тұрғындардың тұрмыс деңгейін арттыруға да ықпал етеді. Әрбір инвестициялық жобаның табысты іске асуы үшін барлық қажетті қолдауды көрсету керек. Түркістан облысында жұмыс істегісі келетін әрбір инвестормен бірлесе жұмыс істеуге дайынбыз, – деді Нұралхан Көшеров.

Жиын барысында жоба бастамашылары жүзеге асырылып жатқан жобаларын таныстырып, өзекті мәселелер туралы баяндады.

Бәйдібек ауданында «Корпорация «Ernur» ЖШС жұмыртқа бағытындағы құс фабрикасы мен құрама жем зауытының құрылысын іске асыруды жоспарлап отыр. Жоба құны – 7,6 млрд. теңге. Жобаны биыл іске қосу көзделген. Құрамажем зауытының құрылысына қажетті жабдықтар Түркия елінен, балапан өсіретін фабриканың құрылысына қажетті жабдықтар Германиядан сатып алынған. Жобаны 3 кезеңмен іске асыру жоспарланған. Бүгінде 23,8 гектар аумаққа кешенді құс фабрикасының құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ балапанға арналған ферманың жері тегістеліп, бетондау жұмыстары жүргізілуде. Жоба 1,6 МВт электрмен жабдықтауды қажет етеді. Инфрақұрылымның сыртқы желілерін «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында тарту жоспарланған. Қазіргі уақытта жобалық сметалық құжаттама әзірленіп, сараптамадан өткізілген.

Сайрам ауданында «Kuzov Karabulak» ЖШС 2,5 млрд. теңгеге арнайы техника құрастыру зауытының құрылысын 95 пайызға аяқтап қойған. Компания директоры жоба бойынша ағымдағы жағдайға тоқталып, электр энергиясын тарту мәселесін қозғады. Қазіргі таңда 4 гектар жерде зауыттың құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Арнайы техника құрастыру зауытынан шығарылған өнімдерді қаржылық лизинг арқылы ұсыну бойынша тиісті құжаттар жинақталуда. Жоба 600 кВт электр қуатын қажет етеді.

Сайрам ауданындағы «Meat Magnat» АӨК ет комбинаты мен 10 000 басқа арналған бордақылау алаңы құрылысын, «Nurym Group» ЖШС етті терең өңдеу ет комбинатының құрылысын және «Red Gold» ЖШС Аустралия әдісімен мал базарының құрылыс жобасын іске асыруда. Сондай-ақ ауданда «Gen Group Kazakhstan» ЖШС өндірістік жылыжай кешенін құрылысын, «Zaman milk products» ЖШС сүт өнімдерін өндіретін зауыт құрылысын жүргізілуде.

Арыс қаласындағы «Turkistan Agro.kz» ЖШС 1830 гектар аумақта жаңбырлатып суғару әдісімен жем-шөп дақылдарын өсіру ісін қолға алды. Ордабасы ауданында «HUATING BIOTECHNOLOGY Co.,LTD» ЖШС ірі қара мал сүйегінен май және желатин компоненттерін өндейтін зауыттың құрылысын жолға қойды.

Сауран ауданындағы «MinPromKaz» ЖШС құрғақ құрылыс қоспаларын өндіру зауытын іске қосу үшін 1,5 МВт электр энергиясы қажет етуде. «Мырзахан» ШҚ ет комбинаты, құрама жем шығару, тері өңдеу цехтары және бордақылау алаңы құрылысы бойынша «Түркістан» ӘКК» АҚ арқылы 5 млрд. теңге көлемінде қаржыландыруға өтінім берілген. «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ тарапынан қаржыландыру қарастырылуда.

Штаб отырысында биыл іске асырылатын инвестициялық жобалар және 2025 жылғы форум аясында қытайлық инвесторлармен жүргізілген келіссөздердің іске асырылу барысы туралы Түркістан қаласының әкімі Әзімбек Пазылбекұлының, Ордабасы ауданының әкімі Азат Оралбаевтың, Отырар ауданының әкімі Қайрат Жолдыбайдың есебі тыңдалды. Бизнес форум аясында қытайлық инвесторлармен жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде Түркістан қаласында 5 жоба іске аспақ. Отырар және Ордабасы аудандарында екі-екі жоба іске қосылады.

Инвестициялық штаб отырысы барысында облыс әкімдігі мен кәсіпкерлер арасында ашық диалог орнап, жаңа жобаларды іске асыруға қатысты ұсыныстар мен пікірлер тыңдалды. Жиында берілген тапсырмалар хаттамаға енгізіліп, орындалу барысы бақылауға алынды.

ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ КЕҢЕСШІСІ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК ЖОБАЛАРМЕН ТАНЫСТЫ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі Ералы Тоғжанов жұмыс сапарымен Түркістан облысына келіп, Сарыағаш ауданында жүзеге асырылып жатқан инфрақұрылымдық жобалардың жай-күйін пысықтады. Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары Зұлпыхар Жолдасов пен Сарыағаш ауданының әкімі Арман Абдуллаев аймақта атқарылып жатқан жұмыстар туралы жан-жақты ақпарат берді.



Сарыағаш ауданына қарасты Жартытөбе ауылдық округіндегі Достық елді мекені орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылған. Аталған елді мекенін ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстарын «Универсал Строй Сервис» ЖШС жүргізді. Құрылыс жұмыстары толық аяқталып, нәтижесінде 890 абонент таза ауыз сумен қамтылды.

Жалпы 2025 жылы Сарыағаш ауданында 8 елді мекен орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылып, ауыз сумен қамту деңгейі 92,1 пайызды құрады.

Сарыағаш ауданына іссапар барысында Премьер-Министрдің кеңесшісі Дарбаза ауылдық округінде орналасқан «Сарыағаш құс» ЖШС-ның жұмысымен танысты. Кәсіпорын басшысы Мұрат Талманның мәліметінше, бүгінде серіктестікте жұмыртқа өндіруге бағытталған 130 мың бас құс өсірілуде. Кәсіпорында өндірілген өнім аудан және облыс аумағындағы сауда нүктелеріне жеткізіліп, жергілікті тұрғындар сапалы әрі қолжетімді жұмыртқамен қамтамасыз етіліп отыр. Ералы Тоғжанов өндіріс көлемін ұлғайтуға, құс шаруашылығын дамытуға және ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын ашуға бағытталған бастамаларды жоғары бағалады.

Былтыр «Сарыағаш құс» ЖШС өндіріс аясын кеңейту мақсатында қосымша 50 мың басқа арналған жаңа құс фабрикасының құрылысын аяқтады. Өндіріс орны Германия елінен әкелінген заманауи технологиялық жабдықтармен жабдықталған. Бұл өнім сапасын арттырып, кәсіпорынның жалпы өндірістік тиімділігін едәуір жоғарылатуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар серіктестік биыл «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жеңілдетілген несие алып, құрама жем өндіретін цехты іске қосты. Жаңа өндірістік нысан құс шаруашылығындағы шығындарды азайтып, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге, сондай-ақ өндіріс көлемін ұлғайтуға оң әсерін тигізуде.

Осы күні ҚР Премьер-Министрінің кеңесшісі Ералы Тоғжановтың төрағалығымен елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелері бойынша мәжіліс өтті. Жиын барысында Түркістан облысы тұрғындарын орталықтандырылған ауыз сумен қамту бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйі мен алдағы жоспарлар жан-жақты талқыланды.

Жиында тапсырмалардың орындалу барысы туралы Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тоқтар Усубалиев баяндама жасады. Оның айтуынша, 2025 жылы облыс аумағында 30 елді мекенді ауыз сумен қамтуға бағытталған жобалар іске асырылды. Нәтижесінде облыстағы 801 елді мекен (7 қала, 794 ауылдық елді мекен) толық орталықтандырылған ауыз сумен қамтылып, белгіленген индикаторлық көрсеткішке қол жеткізілді.

Жиын барысында ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары Нұрсұлтан Керемқұлов өңір аумағында аралаған нысандардың қазіргі жағдайы туралы баяндады. Сонымен қатар аудан және қала әкімдері ауыз сумен қамту бағытында атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Мәжіліс соңында ҚР Премьер-Министрінің кеңесшісі Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне Түркістан облысы әкімдігімен бірлесіп, жобаларды қаржыландыру көлемін ұлғайту және қаржыландырудың өзге де көздерін қарастыру бойынша нақты тапсырмалар жүктеді. - мәселелер мен ұсыныстар Үкімет басшысының атына жолданатын қызметтік жазбаға және мәжіліс хаттамасына енгізілетін болады.

ИМПОРТҚА ТӘУЕЛДІЛІКТІ АЗАЙТУ – НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРДЫҢ БІРІ

Түркістан облысы Келес ауданы Ақтөбе ауыл округіндегі 51 гектар аумақта жылыжай кешенінің құрылысы жүргізілуде. Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров «Ecoculture-Eurasia» ЖШС құрылтайшысы Алмас Дауытовты қабылдады. Кездесуде тараптар жобаны іске қосу жайын кеңінен талқылап, атқарылып жатқан жұмыстарды саралады.

– Келес ауданында жүзеге асырылып жатқан «Ecoculture-Eurasia» өнеркәсіптік жылыжай кешені – өңіріміздің агроөнеркәсіптік дамуына серпін беретін маңызды жоба. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі екенін бірнеше рет атап өтті. Бұл бағытта отандық ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту және импортқа тәуелділікті азайту – мемлекеттің негізгі басымдықтарының бірі. Осы тұрғыда «Ecoculture-Eurasia» компаниясының өнеркәсіптік жылыжай кешенін іске асыру жобасының маңызы ерекше. Жоба аясында жылына 25 мың тоннаға дейін қызанақ өнімін өндіру арқылы өңір тұрғындарын жыл бойы сапалы отандық өніммен қамтамасыз етуге, ішкі нарықты тұрақтандыруға және елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға нақты үлес қосылады. Жергілікті тұрғындарды оқытуға, кадрлардың біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінгенін атап өткім келеді. Бұл – әлеуметтік жауапкершілігі жоғары әрі ұзақ мерзімді дамуға бағытталған көзқарастың айқын көрінісі. Әкімдік тарапынан жобаға қажетті барлық ұйымдастырушылық және инфрақұрылымдық қолдау көрсетіледі. Біз «Ecoculture-Eurasia» компаниясымен өзара тиімді, сенімді әріптестік орнайтынына сенімдіміз, – деді Нұралхан Оралбайұлы.

«Ecoculture-Eurasia» ЖШС құрылтайшысы жобаны іске қосу бойынша қарқынды жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізіп, қазіргі жағдайды баяндады.

– Өңір қарқынды дамып келеді. Біз жүзеге асырып жатқан ауқымды жоба да аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін береді деп сенемін. Қажетті инфрақұрылым толықтай жеткізілді. Бұл бағытта көрсетілген қолдау үшін ресейлік серіктестеріміз де ризашылығын білдіруде. Жастарды Ресейге тәжірибе алмасуға жіберу, сондай-ақ жергілікті тұрғындарды жыл бойы, яғни жылдың төрт мезгілінде де тұрақты жұмыспен қамту жоспарланып отыр. Сонымен қатар жылыжай кешенінің аумағын кезең-кезеңімен 500 гектарға дейін ұлғайтуды көздеп отырмыз, – деді Алмас Дауытов.

Облыс әкімі Келес ауданында шағын өндірістік парк құрылысы жүргізіліп жатқанын атап өтті. Аталған паркте өнімдерді қаптау, өңдеу және консервілеу цехтарын ашуға мүмкіндік бар екенін жеткізді. Бұл өз кезегінде логистикалық шығындар едәуір қысқартып, шағын және орта бизнестің дамуына серпін берері сөзсіз.

Жобаны іске асыруға 42 млрд. теңге инвестиция салынуда. Жылыжайда жылына 25 000 тонна қызанақ өсірілмек. Жоба толық іске қосылғанда, 800 жаңа жұмыс орны ашылады. Жобаны «Қазақстанның Даму банкі» АҚ тарапынан қаржыландыру мақұлданған. 2023 жылы 23,5 млрд. теңге мөлшерінде қаражат бөлінген. Жылыжай толық Нидерланд елінен әкелінген жабдықтармен жабдықталған. Бүгінде кешеннің 40 гектар аумағында жылыжай блоктарының металл конструкциялары орнатылды. Сыртқы және ішкі желілері бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар әкімшілік-тұрмыстық кешенінің ғимараты, материалдық-өндірістік қоймалары, бақылау-өткізу пунктінің құрылысы жүргізілуде. Қазандық және төтенше жанар-жағармай қоймасының құрылысы аяқталды. 8 жылыжай блогы және техникалық дәліз орнатылуда. Оның 4 блогы мен техникалық дәлізі іске қосылды. Кешеннің ресми ашылуы көктемде өтеді деп жоспарланып отыр.

Айта кетейік, өткен жылы жалпы жылыжай көлемі 75 гектарға өсіп, 1715 гектарды құраған. Бұл жұмыстар өңірдің аталған саладағы үлесін 76 пайызға жеткізіп отыр. 2025 жылы жылыжайлардан 150 мың тоннадан астам көкөніс өнімі, 550 тонна банан, 3,2 мың тонна лимон мен 13 мың тонна құлпынай өндірілді.



КӨРСЕТКІШ АЛДЫҢҒЫ ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ЕДӘУІР ЖОҒАРЫ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен инвестициялық штабтың отырысында өңірдегі маңызды жобалар мен бірнеше аудан, қала әкімдерінің инвестиция тарту, өндіріс орындарын ашу бағытындағы есептері тыңдалды. Олардың арасында Ордабасы ауданының әкімі Азат Оралбаев ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы, инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу барысы және алдағы жоспарлар жөнінде жан-жақты баяндады.

Баяндама барысында ауданға инвестиция тарту, өндіріс көлемін арттыру және жаңа жұмыс орындарын ашу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталды. Соңғы жылдары Ордабасы ауданында инвестициялық ахуал айтарлықтай жақсарып, бірқатар ірі жобалар іске асырылғаны атап өтілді.

Аудан әкімі өткен жылы жалпы құны 11,5 млрд. теңгені құрайтын 5 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, нәтижесінде 364 жаңа жұмыс орны құрылғанын жеткізді. Атап айтқанда, қыш зауыты, аллюминий профилі өнімдерін өндіретін зауыт, инновациялық темірбетон өндіретін өндіріс орны ашылған. Сонымен қатар соңғы 4 жылда аудан экономикасына 173,8 млрд. теңге инвестиция тартылып, оның ішінде 2025 жылы 59,6 млрд. теңге игерілген. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда едәуір жоғары.

Алдағы кезеңге жоспарланған жобалар туралы да ақпарат беріліп, 2026 жылы жалпы құны 55 млрд. теңгені құрайтын 57 жоба іске асырылып, 1163 жаңа жұмыс орны ашу көзделіп отырғаны айтылды. Жобалар өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, шағын кәсіпкерлік, энергетика және туризм салаларын қамтиды.

Сонымен бірге аудан аумағында «Бадам» индустриялық аймағы мен «Темірлан» өндірістік паркін дамыту, инфрақұрылыммен қамту жұмыстарының кезең-кезеңімен атқарылып жатқаны баяндалды. Қытай Халық Республикасымен бірлескен жобалар аясында өндіріс, агроөнеркәсіп және инновациялық бағыттағы бастамалар қолға алынған.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеров инвестициялық жобалардың уақтылы әрі сапалы іске асуын қамтамасыз етуді, сондай-ақ жұмыс орындарын көбейтуге басымдық беруді тапсырды.

ӨҢІР ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІНІҢ КӨЛЕМІН ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ АРТТЫРЫП КЕЛЕДІ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі Ералы Тоғжанов Түркістан облысына жұмыс сапарымен келді. Сапар аясында ол облыс әкімі Нұралхан Көшеровпен кездесіп, өңірде іске қосылған және құрылысы жүріп жатқан бірқатар жаңа өндіріс орындарының жұмысымен танысты. Облыс әкімі Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында өңірде жүзеге асырылып жатқан жүйелі реформалар мен ірі инвестициялық жобалар жөнінде жан-жақты ақпарат берді.

Түркістан облысы отандық және шетелдік инвестицияларды тарту көрсеткіші бойынша еліміздегі көшбасшы өңірлердің қатарына еніп, өнеркәсіп өндірісінің көлемін тұрақты түрде арттырып келеді. Өндірісті дамыту, өңдеу өнеркәсібін кеңейту және экспортқа бағдарланған жобаларды қолдау – Мемлекет басшысының экономикалық саясаттағы негізгі басымдықтарының бірі. Ералы Тоғжанов өңірде қалыптасқан қолайлы инвестициялық ахуалды атап өтіп, Түркістан облысының экономикалық әлеуеті жоғары екенін жеткізді. Индустриялық және арнайы экономикалық аймақтардың мүмкіндіктерін барынша тиімді пайдалануды маңызын атап өтті.

Жұмыс сапары барысында делегация заманауи технологиялармен жабдықталған жаңа зауыттарды аралап, олардың өндірістік қуатымен, өнім түрлерімен және еңбек жағдайымен танысты. Бүгінде облыста құрылыс материалдары, өңдеу өнеркәсібі, агроөнеркәсіп кешені мен машина жасау салалары бойынша жаңа кәсіпорындар іске қосылуда.

Бұл өндірістер ішкі нарықты отандық өніммен қамтамасыз етіп қана қоймай, экспорттық әлеуетті арттыруға да елеулі үлес қосып отыр. Түркістан облысы біртіндеп индустриялық дамудың жаңа кезеңіне қадам басуда.

Түркістан облысында жүзеге асырылып жатқан ірі инвестициялық жобалардың бірі – «JASYL SUYQ QAZAQSTAN» жобасы. Кәсіпорынның құрылтайшысы – Болгарияның UBC BG LLC компаниясы. Бұл компания Орталық Азия нарығында 25 жылдан астам уақыт бойы тоңазытқыш сауда жабдықтарын жеткізіп, кейбір өнім түрлері бойынша нарықтың 30 пайызына дейінгі үлесін иеленіп келеді. Кәсіпорын орта және төмен температуралы, кастомизацияланған тік тоңазытқыш сауда шкафтарын өндіруге маманданған. Өнімдер Қазақстанның ішкі нарығына және Орталық Азия елдеріне экспортқа бағытталады.

Жоба Түркістан облысының өнеркәсіптік парктері аумағында екі кезеңмен іске асырылуда. Бірінші кезеңде инвестиция көлемі 5 млн еуроны құрайды. Мемлекет тарапынан 10 мың шаршы метр дайын өндірістік ғимарат ұсынылған. Қазіргі таңда жабдықтарды жеткізу жұмыстары жүргізіліп, Түркістан және Кентау қалаларында кадрларды іріктеу және оқыту қолға алынған. Бірінші кезеңдегі өндірістік қуаттылық айына 4 мың данаға дейін жетеді.

Екінші кезеңде инвестиция көлемі 15 млн. еуроға дейін ұлғайып, «TURAN» арнайы экономикалық аймағында жаңа зауыт салу көзделіп отыр. Сонымен қатар Сауран ауданындағы қолданыстағы өндірістік қуаттар сақталады. Бұл кезеңде өндірістік қуат айына 10 мың данаға дейін артады. Жоба аясында бірінші кезеңде 350-ге дейін, екінші кезеңде 1 000-ға дейін жаңа жұмыс орны ашылады.

Инвестициялық белсенділікті арттыру және өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін күшейту мақсатында Түркістан облысында «Өндірістік парктердің құрылысы» жобасы жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Соның айқын дәлелі – 100 гектар аумақта орналасқан ірі өндірістік парк. Жоба аясында 152 өндірістік ғимарат салу жоспарланған. Жалпы жеке инвестиция көлемі 308 млрд. теңгені құрайды. Сонымен қатар 27 млрд. теңгеге импорт алмастыру көзделіп отыр. Яғни бюджеттен салынған әрбір 1 теңгеге 8,5 теңге жеке инвестиция тартылуда. Бұл – жобаның экономикалық тиімділігін айқын көрсететін көрсеткіш.

Өндірістік парк толық іске қосылған кезде 6040 жаңа тұрақты жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Құрылыс жұмыстары екі кезеңмен жүргізілуде. Бірінші кезеңде 30 гектар аумақта 40 өндірістік ғимарат салынды, бүгінде 32 жоба іске асырылып, ауыл шаруашылығы техникасы, суару жүйелері, құрылыс материалдары, жиһаз, тұрмыстық техника және дрон өндірісі жолға қойылған. Екінші кезеңде 2025-2026 жылдары қосымша 70 гектар аумақта 112 өндірістік ғимарат салу жоспарланып отыр. Қазіргі таңда дайын өндірістік алаңдарға кәсіпкерлер тарапынан жоғары сұраныс байқалуда.

Бет Түркістан облысы әкімі баспасөз қызметінің материалдары бойынша дайындалды

adilet-gazeti.kz

«АУЫЛ АМАНАТЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ АУЫЛ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМЫТУҒА ҮЛЕС ҚОСУДА

«AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты» жобасы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2023 жылдан бастап ауыл тұрғындарының табысын арттырудың ауқымды бағдарламасы ретінде қолға алынғаны белгілі. Экономикалық құрылымы мен тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі ауыл шаруашылығына бейімделген Түркістан облысында «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауыл экономикасын дамытуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға және ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтуға серпінді үлесін қосып келеді.

Атап өтуіміз қажет, 2023-2025 жылдар аралығындағы кезеңде аталған жобаны өңірімізде іске асыру үшін республикалық бюджеттен жалпы 30,2 млрд. теңге бөлінді. Оның ішінде 2023 жылы – 19,8 млрд. теңге қаралып, игерілсе, 2024 жылы – 3 млрд. теңге бөлініп, ауылдық жерлерде іске асатын жобалар қаржыландырылды. 2025 жылы осы мақсатқа 7,4 млрд. теңге бағытталып, бүгінгі таңда оның 3,5 млрд. теңгесі игерілді, барлығы 401 жоба қаржыландырылды. Қаражат 3 транш бойынша бөлініп, қалған 3,9 млрд. теңгесі 2026 жылдың наурыз айының соңына дейін аудан әкімдіктерінің нақты ұсыныстары мен скрининг нәтижесіне сәйкес толық игерілетін болады.

«Ауыл аманаты» бағдарламасының іске асырылу барысы облыс әкімдігінде өткен мәжілісте арнайы қаралып, талқыланды. Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров жобаны орындауда нақты нәтиже мен сапаға мән беру керектігін айтып, жауаптыларға тиісті тапсырмалар берді.

– 2026 жылы «Ауыл аманаты» арқылы 15,3 млрд. теңге қаражат тарту жоспарлануда. Бұл жақсы көрсеткіш, дегенмен 1 115 жаңа жоба бойынша 1400 ғана жұмыс орнын ашуды аз деп санаймын. Қаржыны алып, жоба бастаған кәсіпкерлер тұрақты жаңа жұмыс орындарын ашулары қажет. Осы бағытта жұмыстарды жандандырып, нәтижесін баяндауды тапсырамын. Биыл бөлінген қаржы бағытталатын ауылдық округтер мен кооперативтер тізімі мен жоспарын бекітуді шұғыл қолға алып, 1 наурызға дейін аяқтаңыздар. Жоба бойынша бөлінген қаржы уақтылы әрі сапалы игеріліп, халықтың жағдайын жақсартуға тікелей әсер етуі тиіс. Жауапты басқармалар, «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мен аудан, қала әкімдіктері жұмысты ширатуы қажет, – деді Нұралхан Оралбайұлы.

Жиын барысында бағдарламаның атқарылуы бойынша аудан, қала әкімдерінің есептері тыңдалды. Бағдарлама аясында ұсынылған жобаларды қаржыландыруға жауапты ұйым болып бекітілген «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ Басқарма төрағасы Бекжан Бисенбаевтың айтуынша, 6 бағыт бойынша 3902 жобаға жалпы 26,3 млрд. теңге несие берілген. Нәтижесінде облыста шағын кәсіпкерлік 3902 бірлікке артса, 25 гектар аумақта 513 жылыжай кешені салынған, мал басы 74 109-ға көбейген. Сонымен бірге 39 қайта өңдеу кәсіпорны іске қосылып, 4 190 жаңа жұмыс орындары ашылған. Жұмыс орындарының ашылуына байланысты атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 441 адамға қысқарған. «Ауыл аманаты» бағдарламасымен ашылған жобалар арқылы жыл сайын шамамен 30 млрд. теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндіріліп жатқаны айтылды.

Бағдарлама аясында қайтарылған қаржы көлемі 4,8 млрд. теңгеге жетсе, оның 4,6 млрд. теңгесі қайта айналымға жіберілген. Бұл қаражат есебінен 579 жаңа жоба қаржыландырылып, 600 жаңа жұмыс орындары ашылған.

Сондай-ақ жиында жеке қосалқы шаруашылықтарды біріктіріп, кооперативтер құруға ерекше назар аударылғаны мәлімделді. Бұл бағытта үш жыл ішінде 103 кооперативке 2,5 млрд. теңге несие берілген. Соның арқасында өңірімізде өнім өндіруден бастап, оны өңдеу және нарыққа өткізуге дейінгі толық өндірістік циклды қамтитын табысты кооперативтер қалыптасқан. Осы санаттағы кәсіпорындардың қатарында «Майтөбе сүт» кооперативі сүт жинау және қайта өңдеу желісін іске қосып, экологиялық таза өнімдерін әлеуметтік мекемелерге жеткізуді қолға алған. Ал «Аят-Агро.Ком» кооперативі жеміс-көкөніс өңдеу цехын кеңейтіп, алынған өнімдерді экспорттауды жолға қойған. Ордабасы ауданының Шұбарсу ауылында 27 жылыжай кешендері іске қосылып, жылына 580 тонна өнім алып отыр.

Жұмыс жиынында 2026-2028 жылдар аралығындағы кезеңде «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 68,7 млрд. теңге тарту жоспарланғаны жария етілді. Оның ішінде 2026 жылы республикалық бюджеттен 15,3 млрд. теңге қаражат тарту көзделген. Бұл қаржы есебінен 1 115 жобаға қолдау көрсетіліп, 1 400 жаңа жұмыс орындарын ашу жоспарланған. «Ауыл аманаты» бағдарламасының өңірімізде орындалуы «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының тұрақты назарында болып, жобаны іске асыруға қатысты өзекті мәселелерді партияның диалог алаңында қарастыру жұмыстары жалғасын табады.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ТАБЫСҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУІНЕ ЖОЛ АШЫЛАДЫ

Өңіріміздің экономикалық әлеуетін арттыруда өндірістік парктердің рөлі айрықша. Олар – кәсіпкерлікті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және инвестиция тартуға мүмкіндік беретін тиімді алаң болып бекіді. Осы тұрғыда қолға алынып жатқан өндірістік парк жобалары жергілікті экономиканы әртараптандырып, өңірдің тұрақты дамуына серпін беріп отыр.

Шардара қаласында өңір экономикасын әртараптандыруға арналған жаңа өндірістік парк салынуда. Аумағы 2 гектарды алып жатқан бұл жоба ауданның аграрлық әлеуетін өндірістік бағытпен ұштастырып, шағын және орта бизнестің дамуына мүмкіндік ашады. Құрылысы өткен жылғы қыркүйек айында басталған жобаның қазіргі жағдайын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Қайрат Балабиев, партияның Түркістан облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихаттағы фракция жетекшісі Алтынсары Үмбетәлиев, облыстық мәслихат депутаты Бақытжан Серманизов арнайы барып көрді.

Жаңа өндірістік парк кәсіпкерлер үшін дайын инфрақұрылымы бар қолайлы алаң ретінде жоспарланған. Мұнда электр, су, кәріз және газ желілерін кезең-кезеңімен тарту көзделіп, өндіріс ашуға ниетті инвесторлар мен жергілікті кәсіпкерлерге нақты жағдай жасалуда. Мұндай тәсіл өндірісті қысқа мерзімде іске қосуға мүмкіндік береді.

Жоба аясында өндірістік парк аумағында 6 ғимарат салу жоспарланған. Әр ғимараттың биіктігі – 5 метр, ені – 10 метр, ұзындығы – 20 метр болады. Қазіргі таңда ғимараттардың іргетасы құйылып, металл каркастары тұрғызылған. Қабырғалары мен шатырлары сэндвич-панельдермен қапталатын болады. Құрылысқа қажетті материалдарға тапсырыс беріліп, жеткізілуі күтілуде. Бүгінгі таңда құрылыс алаңында 15 жұмысшы мен 2 арнайы техника жұмыс атқаруда.

Шардара ауданының әкімі Арман Қарсыбаев аудан кәсіпкерлерімен жүргізілген кездесулер нәтижесінде 6 кәсіпкер өндірістік парк аумағында өз өндірістерін орналастыруға қызығушылық танытқанын айтты. Олар жиһаз өндірісі, үй қасбеттерін әрлеу бұйымдары, пеноблок шығару және жылыту панельдерін өндіру бағыттарында жұмыс істеуді жоспарлап отыр. Парктегі құрылыс жұмыстары 2026 жылғы 1 сәуірге дейін толық аяқталады деп көзделгені айтылды.

Аудан басшылығымен және сала жетекшілерімен кездесу барысында Парламент Мәжілісінің депутаты Қайрат Рахымұлы, Мемлекет басшысы экономиканы әртараптандыру мен нақты өндірісті күшейту бойынша тапсырма бергенін айтып, Түркістан облысында іске асырылып жатқан өндірістік парктер тек қана жаңа нысандар емес, өңір экономикасын жаңа деңгейге көтеретін стратегиялық бастамалар екенін жеткізді. Бұл бағыттағы жұмыстар шағын және орта бизнесті қолдап, жергілікті кәсіпкерлерге дайын инфрақұрылыммен жұмыс істеуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

– Өндірістік парк іске қосылған кезде жаңа жұмыс орындары ашылып, тұрғындардың тұрақты табысқа қол жеткізуіне жол ашылады. Ең бастысы – Шардара ауданының экономикасы тек ауыл шаруашылығына ғана тәуелді болмай, өңдеу және өндіріс салаларымен толықтырылатын болады. Парламенттегі «AMANAT» партиясының фракциясы өндірістік парктерді дамыту мәселесін тұрақты бақылауда ұстап келеді. Түркістан облысында бастау алған бұл бірегей жоба – партияның Сайлауалды бағдарламасында көзделген экономиканы дамыту, кәсіпкерлікті қолдау және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі міндеттерін нақты іске асыру жолдарын белгілейді, – деді Мәжіліс депутаты.

«AMANAT» партиясының Түркістан облыстық филиалы өңіріміздің көптеген аудандарында салынып жатқан өндірістік парктердің басты әлеуметтік тиімділігі – жаңа жұмыс орындарының ашылуы деп біледі. Мұнда облыс тұрғындары үшін тұрақты жұмыспен қамту мүмкіндігі артып, жастардың туған жерінде еңбек етуіне жағдай жасалады. Бұл өз кезегінде әлеуметтік тұрақтылықты нығайтып, халықтың табысын арттыруға ықпал етеді. Партия тарапынан өндірістік парктердің жүзеге асырылуы тұрақты бақылауда.









ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ӨРІСІН КЕҢЕЙТУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Қайрат Балабиев пен Нұрсұлтан Байтілесов Арыс қаласына жасаған жұмыс сапары аясында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін бірқатар маңызды нысандарды аралап, жүзеге асырылып жатқан жобалардың барысымен танысты.

Депутаттар алдымен Арыс–Шардара тас жолы бойындағы өндірістік парк құрылысын аралап көрді. Арыс–Шардара тас жолы бойында орналасқан өндірістік парк құрылысымен танысты. Жалпы аумағы 1,44 гектарды құрайтын аймақта қазіргі таңда 6 өндірістік ғимараттың құрылысы басталған. Әр нысанның өлшемі – 40×12 метр, жалпы алаңы 2880 шаршы метр. Сонымен қатар әр кәсіпкерлік жобаға 20 соттық жер телімін бөлу жоспарланған.

Парламент өкілдері өндірістік паркті инфрақұрылыммен қамту жұмыстарының барысын қадағалады. Бүгінде мұнда электр желісі толық тартылған, кәріз жүйесі мен ауызсу скважинасы дайын, табиғи газ желісін жүргізу жұмыстары жалғасуда. Жоспарға сәйкес, өндірістік паркте термопанельдер өндіру, пластик есік-терезелер шығару, жиһаз жасау, түйе сүтін терең өңдеу және табиғи газ есептегіш құралдарын шығару бағытындағы бес жоба іске асырылмақ.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес еліміздің өндірістік қуатын арттыруға басымдық берілді. Өндірісті дамыту арқылы қуатты экономиканың негізі қаланады. Арыста қолға алынған өндірістік парк жобалары жаңа жұмыс орындарын ашып қана қоймай, шағын және орта бизнестің өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді. Мұндай бастамалар азаматтардың тұрмысын жақсартуға тікелей әсер етеді, – деді Мәжіліс депутаты Қайрат Рақымұлы.

Бұдан кейін депутаттар «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған Сайлауалды бағдарламасын Түркістан облысында іске асыру жөніндегі Жол картасына енгізілген әлеуметтік маңызы зор нысан – 600 орындық мектептің құрылысымен танысты. Арыс қаласының «Отырар» тұрғын ауданында салынып жатқан білім ошағының құрылыс-монтаждау жұмыстары толық аяқталып, оны пайдалануға тапсыру шаралары басталған. Парламенттегі фракция депутаттары жаңа мектепті білікті педагог кадрлармен қамтамасыз ету мәселесіне назар аударды.

Жұмыс сапары барысында Парламент өкілдері «Тараз» тұрғын ауданында «Келешек мектептері» Ұлттық жобасы аясында пайдалануға берілген 600 орындық мектептің жұмысымен танысты. Мемлекет басшысының тапсырмасымен салынған бұл білім ошағы заманауи стандарттарға толық сай жабдықталған. Мұнда екі спорт залы, акт залы, асхана, коворкинг аймақтары, кітапхана, мәжіліс залы, пәндік кабинеттер мен шеберханалар, сондай-ақ оқушыларға арналған ашық футбол алаңы қарастырылған.

Мәжілісмендер білім беру инфрақұрылымын дамыту – мемлекеттің ұзақмерзімді басымдығы екенін айтты. Арыста салынып жатқан және пайдалануға берілген заманауи мектептер балаларға сапалы білім алуға қолайлы жағдай жасап, болашақ ұрпақтың әлеуетін арттыруға қызмет етеді деген сенімдерін білдірді.

Жұмыс сапарының қорытындысында мәжілісмендер көтерілген мәселелер мен ұсыныстарды тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп пысықтайтынын жеткізді. Алдағы уақытта да Парламенттегі «AMANAT» партиясының фракциясы өңірлердің дамуына серпін беретін жобаларды тұрақты бақылауда ұстап, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бастамаларды қолдауды жалғастыра береді.

ҚУАТТЫ ӨНДІРІС – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Парламенттегі «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері – Қайрат Балабиев, Ұласбек Сәдібеков, Темір Қырықбаев, Нұрсұлтан Байтілесов және Ерлан Әбдиев Түркістан облысына жасаған жұмыс сапары аясында Ордабасы ауданына барып, өңірдің өндірістік, аграрлық және әлеуметтік әлеуетін арттыруға бағытталған бірқатар маңызды нысандарды аралады. Аталған іс-шаралар партияның сайлауалды бағдарламасында белгіленген міндеттерді іске асыру барысын бақылау және нақты нәтижелермен танысу мақсатында ұйымдастырылды.

Алдымен халық қалаулылары Ордабасы ауданы, Бадам ауылдық округінде орналасқан «Бадам» индустриалды аймағында жаңадан ашылған «Central Asia Aluminium Company» ЖШС-нің алюминий профильдерін өндіретін кәсіпорнының жұмысымен танысты. Делегация құрамында «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихаттағы партиялық фракция жетекшісі Алтынсары Үмбетәлиев, облыстық мәслихат төрағасы Нұралы Әбішов, облыстық мәслихат депутаты Ғани Райымбеков, Ордабасы ауданының әкімінің орынбасары Олжас Болатханұлы, аудандық мәслихат депутаттары, партияның аудандық филиалының төрағасы Алиаскар Бердімұрат, салалық бөлім басшылары, ауыл ақсақалдары, жергілікті кәсіпкерлер болды.

Кәсіпорын Қытайлық инвестордың қатысуымен 2024 жылдың тамыз айында іске қосылып, бүгінде 200 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Жобаның алғашқы кезеңіне салынған инвестиция көлемі 4,4 млрд. теңгені құрайды. Өндірісте шығарылатын өнімдердің басым бөлігі экспортқа бағытталған, бұл өңірдің сыртқы экономикалық байланыстарын кеңейтіп, отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпорын бас директоры Сян Гуанжуй зауытта қолданылып жатқан заманауи технологиялар мен өндірістік жоспарлар туралы жан-жақты мәлімет берді.

- Кәсіпорында заманауи әрі инновациялық технологиялар қолданылып отыр. Жобаның бірінші кезеңінде жылына 20 мың тонна алюминий профильдерін өндіру жоспарланған. Ал екінші кезеңде өндірістік қуаттылықты қосымша 10 мың тоннаға арттыру көзделіп отыр. Қазақстан мен Қытай арасындағы іскерлік әріптестіктің нәтижесінде Орталық Азиядағы теңдессіз жобалардың бірін жүзеге асыруға мүмкіндік алдық. Зауыт құрылысы үшін «Бадам» индустриалды аймағынан 8 гектар жер бөлінді. Қазіргі таңда негізгі өндірістік блоктың құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізіліп, металл конструкцияларын орнату 90 пайызға аяқталды, – деді ол.

Парламент депутаттары аталған өндіріс орны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың отандық өнім көлемін арттыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту және экспортқа бағдарланған өндірістерді қолдау жөніндегі тапсырмаларының нақты жүзеге асуы екенін атап өтті. Халық қалаулыларының айтуынша, мұндай жобалар еліміздің экономикалық тәуелсіздігін нығайтып, жаңа жұмыс орындарын ашуға және қосылған құны жоғары өнім шығаруға жол ашады.

Сонымен қатар, Мәжіліс депутаттары өңірдің аграрлық әлеуетін заман талабына сай дамыту мәселесіне де ерекше назар аударды. Ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібін өзара ұштастыру, аграрлық өнімдерді терең өңдеу және оларды ішкі және сыртқы нарыққа шығару – Мемлекет басшысы айқындаған негізгі басымдықтардың бірі екені атап өтілді. Бұл бағытта қабылданып жатқан заңнамалық және институционалдық шаралар «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында да нақты көрініс тапқан.

Мәжіліс депутаты Темір Қырықбаев өндірістік және аграрлық жобалардың ел экономикасы үшін маңыздылығына тоқталды.

- Өңірлерде осындай ірі өндіріс орындарының ашылуы Мемлекет басшысы белгілеген экономиканы әртараптандыру саясатының нақты нәтижесі. Біз үшін өндіріс пен ауыл шаруашылығының қатар дамуы аса маңызды. Парламент тарапынан инвесторларға қолайлы заңнамалық орта қалыптастыру, отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табады. Қуатты өндіріс – тұрақты жұмыс орындары мен халықтың әл-ауқатының өсуі, – деді ол.

Жұмыс сапары барысында депутаттар Шұбарсу ауылында жуырда пайдалануға берілген 600 орындық «Парасат» жалпы білім беретін мектебінің жұмысымен де танысты. Бұл нысан да «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында, сондай-ақ Мемлекет басшысының білім беру инфрақұрылымын дамыту жөніндегі тапсырмаларына сәйкес жүзеге асырылған маңызды әлеуметтік жоба болып табылады.

Мектеп құрылысы 2023 жылы басталып, 2025 жылдың желтоқсан айында толық аяқталған. Жалпы аумағы 2,6 гектарды құрайтын білім беру нысанының ғимарат ауданы 4259,26 шаршы метр. Үш қабатты мектепте асхана, кітапхана, оқу залы, спорт және акт залдары, медициналық пункт, сондай-ақ заманауи жабдықталған пәндік кабинеттер қарастырылған. Мұнда 70-ке жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Жобаның жалпы құны 2 млрд. 644 млн 403 мың теңге, мердігер мекеме – «Дос и К Сервис» ЖШС. Бұл туралы Ордабасы аудандық білім бөлімі басшысының уақытша міндетін атқарушы Ердос Әбішов мәлімдеді.

Жұмыс сапары қорытындысында Мәжіліс депутаттары жергілікті кәсіпкерлермен, аграрлық сала өкілдерімен және білім беру ұйымдарының басшыларымен пікір алмасып, инвестициялық ахуалды жақсарту, ауыл шаруашылығы мен өндірісті кешенді дамыту және өңірлерді жүйелі қолдау мәселелерін талқылады. Көтерілген ұсыныстар мен түйткілді мәселелер Парламент қабырғасында қарастырылатыны жеткізілді.

Бет «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы баспасөз қызметінің материалдары бойынша дайындалды



ТМҰ АҚСАҚАЛДАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСУ

Ыстанбұл қаласында «Еуразия Бір» қоғамы тарапынан Түркі әлеміндегі саяси-экономикалық, қоғамдық, мәдени байланыстар және оны жетілдіру мақсатында шара ұйымдастырылды.



Жиынды «Еуразия бір» қоғамының басшысы Шабан Гүлбаһар мырза ашты, модератор ретінде «Еуразия стратегиялық зерттеу орталығының» басшысы Ерай Гүчлюер мырза қатысты.

Бұл шарада Түркияның бұрынғы премьер-министрі (2016-2018), Түркі мемлекеттер ұйымы (ТМҰ) Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бинали Йылдырым «Түркі мемлекеттер ұйымы және Түркі елдерімен қарым-қатынасы» тақырыбында баяндама жасады.

ТМҰ өкілі ретінде арнайы келген Б.Йылдырым Түркі елдері арасындағы жағдайларды баяндады, осы бағытта ТМҰ ұйымының атқарып жатқан жұмыстарын жеткізді. Экс-саясатшы Түркі мемлекеттері ұйымы түркі әлемінің бірлігі мен ынтымақтастығын нығайтуда айрықша рөл атқаратын еске сала кетті.

– Ол бауырлас халықтар арасындағы диалог, өзара іс-қимыл және қолдаудың тиімді алаңына айналды. Ұйымның қызметі арқасында ортақ құндылықтар мен тарихи мұраға негізделген саяси, экономикалық және мәдени ынтымақтастық күшейіп келеді. Түркі мемлекеттері ұйымы дәстүрлерге деген құрметті сақтай отырып, заманауи сын-қатерлерге жауап бере алатын стратегиялық көзқарасын көрсетуде. Оның гуманитарлық байланыстарды дамытуға және түркілік болмысты халықаралық аренада ілгерілетуге қосқан үлесі ерекше атап өтуге лайық. ТМҰ сенім мен серіктестікке негізделген орта қалыптастырып, ең үздіктерді біріктіреді. Ұйымның бастамалары орнықты дамуға ықпал етіп, түркі әлемінің жаһандық үдерістердегі рөлін нығайтады. Сондықтан Түркі мемлекеттері ұйымының қызметі ең жоғары бағаға әбден лайық, - деп сөзін аяқтады Б.Йылдырым.

Сонымен қатар, Ақсақалдар кеңесінің төрағасы тыңдаушылардың сауалдарына жауап берді.

Баяндамадан кейін алғашқы Қазақ консулы, “ТҮРКСОЙ” ұйымының Бас кеңесшісі, Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының Түркиядағы өкілі, Қазақстан мәдениет және сауда орталығының басшысы Ержан Уәйіс сөз алып, Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастығын арттыру жолында маңызды жұмыстар атқарып жатқан ТМҰ ұйымының жұмысына жоғарғы бағасын берді. Сол стратегиялық маңызды ұйымның мүшесі ретінде өз үлесін қосып жүрген үлкен саясатшы, Түркияның соңғы премьер-министрі Бинали Йылдырымның еңбектеріне тоқталып, Түркі елдері арасындағы байланыстарды жетілдіру жолында қызмет етіп жүргені үшін алғысын білдіріп, саясаткердің иығына Қазақтың шапанын жапты.

Шараға Қазақстанның Ыстанбұлдағы консул Е.Иманқұлов, «Қазақ елі» журналының бас редакторы Е.Гайретуллах, мәдениет қайраткері және белгілі домбырашы С.Шолақұлы және де қауымдастық басшылары, қоғам қайраткерлері, журналистер, мәдениет қайраткерлері қатысты.

Түркі әлемі жәй ғана идеологиялық ұран ғана емес, бұл көне аталарымыз салып кеткен алып мемлекеттердің күшіне, рухына, байлығы мен даңқына қайта ие болуымыз үшін еңбек етіп, бірлігіміз бен ынтымағымыздың нығаюына апарар жолымыз! Жасасын Түркі әлемі!

Ер УБАЙДИН,
Ыстанбұл қаласы,
Түркия

Бірлескен магистратура бағдарламалары мен ғылыми жобалар:

НАНЬКАЙ УНИВЕРСИТЕТІ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ЕҰУ-ҒА САПАРЫ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне Қытай Халық Республикасынан арнайы делегация келді. Делегацияны Нанькай университетінің Орталық және Шығыс Еуропа мен Ресей зерттеулері орталығының директоры, Экономика мектебінің профессоры Сунь Цзинъюй (Sun Jingyu) бастап келді.



Қытай делегациясының құрамында «Fuzhen Education» компаниясының негізін қалаушы, директорлар кеңесінің төрағасы Ма Хаотянь (Ma Haotian), компанияның негізін қалаушы Цзэн Цзяньдун (Zeng Jiandong), білім беру жобасы бойынша бас директордың орынбасары Доу Цзюньжуй (Dou Junrui), халықаралық коммуникациялар жөніндегі бас директордың орынбасары Цзэн Рунхао (Zeng Runhao), сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық жөніндегі өкіл Каримжан Алдабергенов болды.

Қонақтарды ЕҰУ халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Анастасия Кармелюк қарсы алып, делегация мүшелері университеттің «Жазу тарихы» мұражайын аралап, Күлтегін ескерткішінің тарихымен таныстырды.

Ресми жиында құттықтау сөз сөйлеген Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов бүгінгі кездесудің маңыздылығына тоқталып, Қазақстан мен Қытай арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Ол Қытайдың Тяньцзинь қаласында орналасқан жетекші көпсалалы жоғары оқу орындарының бірі – Нанькай университетімен серіктестікті тереңдету ерекше маңызға ие екенін жеткізді.

– ЕҰУ Қытайдың жоғары оқу орындарымен ғылыми-білім беру жобалары, академиялық ұтқырлық, бірлескен білім беру бағдарламалары және шетелдік мамандарды тарту бағыттарында белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Қазіргі таңда біз Қытайдың 29 университетімен ынтымақтастық орнаттық. 2007 жылдан бері университет базасында Конфуций институты табысты жұмыс істеп келеді. 2025 жылы Нанькай университеті мен ЕҰУ-дың қабылдау комиссиясы бірлесіп жұмыс жүргізіп, 240 талапкердің ішінен 180-і ЕҰУ-ға оқуға қабылданды. Сонымен қатар, 2024 жылы Тяньцзинь кәсіптік институтымен бірлесіп IT саласындағы «Лубань шеберханасы» жобасы іске қосылды. Бұл жоба жасанды интеллект, машиналық оқыту және киберқауіпсіздік бағыттарында мамандар даярлауға бағытталған», - деді ректор.



Сондай-ақ Ерлан Сыдықов Нанькай университетінің ғылыми әлеуетіне жоғары баға беріп, Қытайға жасаған іссапары барысында көз жеткізген оң тәжірибелерімен бөлісті.

Өз кезегінде сөз алған Сунь Цзинъюй Астанаға сапармен келгендеріне қуанышты екенін айтып, Еуразия ұлттық университетінің жылы қабылдауына ризашылығын білдірді. Ол алдағы уақытта білім беру және мәдени байланыстарды одан әрі нығайтуға ниетті екенін атап өтті.

Кездесу барысында тараптар университеттер арасындағы ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылап, Нанькай университетінің 2024–2026 оқу жылдарында атқарған жұмыстарының есебін тыңдады.

– Біздің сапарымыздың негізгі мақсаты – оқу-ғылыми ынтымақтастықтың нақты бағыттарын талқылау және бірлескен білім беру үдерісін жетілдіру. Университеттеріміз арасындағы келісімдер «Экономика» және «Халықаралық бизнес және стратегиялық сауда бақылауы» бағыттары бойынша бірлескен магистратура бағдарламаларын іске асыруға берік негіз қалады. Бұл бастамалар жаңа экономикалық салаларға бейім, халықаралық деңгейде ойлай алатын жоғары білікті мамандарды даярлауға мүмкіндік береді, – деді профессор Сунь Цзинъюй.

Сонымен қатар Экономика және туризм жоғары мектебінің директоры, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор Аида Жағыпарова қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан бірлескен жобалар жөнінде баяндап берді. Оның айтуынша, ректор Ерлан Сыдықовтың Қытайға жасаған іссапары барысында қол қойылған меморандумдар аясында Нанькай университетімен «Экономика» бірлескен магистратура бағдарламасы табысты жүзеге асуда.

ДАРЫНДЫ СТУДЕНТТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Еуразия ұлттық университетінің ректоры Ерлан Сыдықов республикалық және халықаралық деңгейдегі ғылыми, спорттық, шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары атанған дарынды студенттерді марапаттады.



Іс-шараға ЕҰУ-дың әлеуметтік және инфрақұрылымдық даму жөніндегі проректоры Ляззат Төлегенқызы, факультет деканларының орынбасарлары және белсенді жастар қатысты.

Университет білім алушыларын әлеуметтік қолдау және ынталандыру туралы ережеге сәйкес, байқау комиссиясының шешімімен дарынды студенттерге алты мемлекеттік стипендияға дейінгі мөлшерде біржолғы ақшалай төлемге сертификаттар, сондай-ақ ректордың құрмет грамоталары мен алғыс хаттары табысталды. Айта кету керек, бұл Ереже студент жастарды қолдау мақсатында өткен жылдың соңында бекітілген.

Марапат иегерлері қатарында Асылжан Алиева, Асылхан Анеля, Елдина Ашербекова, Ақжан Бахытжанқызы, Айғаным Балабаева, Айдын Жәкиев, Камила Жұмади, Марат Бауыржан, Аида Сағынтаева, Данияр Базарбаев, Мадияр Оспанов, Жаннұр Қапсалямова, Еркеназ Алтынбекова бар. Сонымен қатар ЕҰУ футбол командасының ойыншылары Нариман Ахтанбеков, Даниэль Веретник, Ибрагим Нұрғали, Әлімхан Қанатбек, «Парасат» дебат клубының мүшелері, «Шаңырақ» театрының актерлері және Студенттік парламент мүшелері де марапатталды.

Ерлан Сыдықов студенттердің жетістіктері мен оларға азаматтық құндылықтарды сіңіргені үшін ата-аналарға да алғыс білдірді.

– Биыл 30 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті еліміздегі ең беделді жоғары оқу орындарының бірі саналады. Біз көрнекті ғалымдарымыз бен табысты студенттерімізді мақтанышпен айтып жүреміз. ЕҰУ сіздер үшін екінші үйге айналды, ал оның қабырғасында бақытты сәттерді бастан кешіріп жүрсіздер деп сенемін. Студенттік кезең – тұлға қалыптасуындағы ең маңызды кезеңдердің бірі. Бұл уақытты тиімді пайдаланып, өзін-өзі дамытуға көңіл бөлуге кеңес беремін», – деді ЕҰУ ректоры Ерлан Сыдықов.

«Толық адам: зиялылық пен жауапкершілік» тақырыбындағы дәріс барысында Ерлан Сыдықов жастарды елдің өркендеуі жолында қоғамдық бірлікке шақырды.

Өз кезегінде студенттер университет басшылығына алғыстарын білдіріп, оқу орнын дамытуға қатысты ұсыныстарын айтты.

Іс-шараны ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай марапаттар арнайы комиссияның шешімімен жылына екі рет табысталатын болады.

ЕҰУ Баспасөз қызметі материалдары негізінде әзірленді

Қосшыдағы 10 жасар қыздың өлімі: ДӘРІГЕРЛЕР СЕБЕБІН ӘЛІ АНЫҚТАЙ АЛМАЙ ОТЫР

Қосшы қаласында 10 жастағы қыз баланың өлімі тіркелді. Бала анасының қолында жедел жәрдем көлігіне жеткізілген, бірақ биологиялық өлім диагнозы қойылды. Медициналық қызмет себебін әлі анықтай алмай отыр. Тергеу шаралары жүргізілуде, деп хабарлайды BAQ.KZ тілшісі.

2026 жылғы 29 қаңтарда Қосшы қаласында сағат 16:18-де №152 жедел жәрдем қызметіне шақыру түсті. Шақыру мазмұны: «бас ауруы, жүрек айну». Шақыру жасаған адамның айтуынша, жарақат жоқ, дене температурасы көтерілмеген, құрысулар болмаған.

Өміріне қауіп төнген белгілер болмағандықтан, шақыру 4-ші санаттағы жеделдікпен жіберілген. Шақыру 16:34-те қабылданып, сол уақытта мобильді бригаданың қызметіне беріліп, 16:35-те жолға шыққан. Бригада 16:37-де оқиға орнына келген.

Кейіннен жағдайдың нашарлағаны туралы қайталап қоңырау түскен, сондықтан шақыру 2-ші санатқа қайта тіркеліп, №4 бригадаға тапсырылған.

Медициналық басшылардың хабарлауынша, анасының айтуынша, 10 жастағы бала бронхиалды астма ауруымен ауырған.



Бригада келгенде, бала анасы мен әпкесінің қолында жедел жәрдем көлігінен жеткізілген. Бұл жағдайда бригада дереу жағдайға сай реанимациялық шараларды өткізген.

Көрсетілген медициналық шараларға қарамастан, қаралған кезде диагноз: бригада келмей тұрып биологиялық өлім болып табылды. Өлімнің нақты себебі әлі белгісіз деп хабарланды.

Бұған дейін хабарланғандай, Қосшыдағы мектепте 10 жастағы қыз баланың өліміне қатысты тергеу шаралары жүргізілуде.

Еске салсақ, Ақмола облысының Қосшы қаласында қоғамдық мәдени-спорт кешенінде өткен сабақ кезінде 10 жастағы қыз бала көз жұмды.

ҚҰРБАНДАР МЕН АНТ ҰРҒАНДАР

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ал, сол Үкімет Одақты өзінің жеке дара тежеусіз басқарып, қалағанынша билік жүргізуге қолайлы, қажетті және жеткілікті етіп қалыптастырған әрі қызғыштай қорғағаны тарих тағлымынан белгілі.

Оның қатаң ұстанымдарына қатысты, Одақтың жағдайын оңалту туралы ұсыныстар жасаған, сын пікірлерін айтқан және ондағы идеяларын қорғап, қайсарлықпен күрескендерді әртүрлі жалалармен қаралап, "күндіз шам алып, соңына түсіп іздеген" дегендей жағдайда қудалаған. Оның 1917-1957 жылдары "Одақты әртүрлі "зиянкестер" мен "халық жауларынан" тазарттық. Сондықтан, біздің елде Кеңес үкіметіне наразылар жоқ. Барлық халық қолдайды. Тек қылмыскерлер мен "жындылар" ғана қоғамның шырқын бұзады" дегенді ресми түрде мәлімдегені тарихтан белгілі.

Ондай лепіре қаққан кеуделерінің қуысын толтыруларының жолдары мен тәсілдерін іздестірді.

Сондықтан өздері жауап бермейтін әрі дәлелденуі қиын, жалпы әділетқұмар, шындық үшін шырылдаған, ұлттық теңдік пен тәуелсіздік, азаттық және тағы да басқа құндылықтар үшін күрескендерді "жынды" деп жариялаудың құйтырқы технологиясын ойлап тапты және жүйелі түрде қолданысқа ендірді.

Оған ең қолайлысы КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің психиатрия саласының қызметін қолдану болды.

Олар, яғни мемлекеттік медициналық мекемелердің психиатрларымен психологтары өз кезегінде, тапсырыс беруші, компартиялық-кеңестік үкіметтің жоғарғы инстанцияларының нақты бір қызметкерлері нұсқаған - "өзгеше ойлайтын", саяси тұрғыдан сенімсіз әрі "ұнамсыз" деген адамдарға әртүрлі жолдармен негізсіз психиатриялық диагноз(дар) қойып, заңсыз психоневрологиялық диспансердің есебіне алды. Сөйтіп оларды күштеп, стационарлы психиатриялық ауруханалардың "арнайы" үлгідегі бөлімдері мен саяси түрмелерге жатқызып, мәжбүрлеп ем жүргізді. Одан тысқары қалғандарын белсенді бақылауға алды.

Менің өзіндік зерттеулерімде, қолжетімді болған дереккөздерден алынған мәліметтер бойынша, бүгінге дейін ешкім жоққа шығармаған "саяси психиатриялық құрбандар" саны КСРО, Қазақ КСР мен Оңтүстік Қазақстан облысында 1960-1991 жылдары шамамен, тиісінше 1,0-2,0 млн., 57726-115252 және 6364-12728 адамды құраған.

Олардың жалпы емделу жағдайлары мен тағдырларын білу мақсатындағы жазған арыздарыма, ҚР ДСМ жоғарыда келтірілген хаттарында, 2021 жылғы қаңтардағы жағдайға, соттың шешімі бойынша "арнайы" типтегі стационарда мәжбүрлеп емделуде 756 адам, ... "жалпы" типтегі ауруханада мәжбүрлеп емделуде 143 адам болды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтарымен динамикалық (белсенді. *Автор*) бақылауда 189546 науқас тұр (осы сандар мен диагноздың симптомдарына ерекше назар аударыңыздар. *Автор*)?! ... 1960-1991 жылдар аралығында стационарлық емдеуден өткен науқастар саны бойынша ақпарат жоқ. Ол адамдарды мемлекеттің қандай билік жүргізу, атқару және күш қолдану органдарының шешімімен және/немесе талап-тілегімен күштеп психиатриялық ауруханаға жатқызғаны туралы мәліметтер министрлікте жоқ, - деген.

Осыған орай Карпов, Чуркин, Попов, Ковалев, Решетов және тағы да басқа мамандардың ортақ: "Қылмыс құрамы болатын істерді жасағандары үшін, дәрігер-психиатрлармен бірге, оларға тапсырыс берген мемлекеттің тергеу, күш қолдану, айыптау органдары да сот алдында жауап беруге тиісті", - дегендерін де білгендеріңіз жөн.

Сондықтан осында баяндалған оқиғаның ауқымдылығы, күрделілігі, қатерлілігі мен тағы да басқа "өзекті өртеген" жағдайларды ескеріп, осы істе біздің ар-намысымыздың қорғалуына және ақталуымыздың созбалануына қатыстары болған, негіздер жоқ деген мемлекеттік органдардың тиісті қызметкерлерінің және ақталу құқығына ие барлық перзенттерімнің қаламағандықтарына қарамай, әрқайсысының аты-жөндерін, бітірген жоғарғы оқу орындары мен алған мамандықтарына дейін, құзыретті органдарға жолдаған өтініштерім мен арыздарымда, "Әділетте" жарияланған мақалаларда ашық көрсеткенмін.

Солардың қорытындысы ретіндегі, 20.01.2026 жылы Үкіметтік "үш адресатқа" жолданған арыздарымның көшірмесін, Сіздердің толығырақ мағлұмат алуларыңыз үшін қосымша жариялаймын.

Жоғарыдағылардың барлығын ескеріп, оларда келтірілген мемлекеттік қызметкерлердің республика Конституциясында, арнамыс Кодексінде, ал дәрігерлердің Гиппократтың "Не повреди", - дегеніндей, "Халыққа адал қызмет етемін, құқығын, денсаулығын қорғаймын", - деп берген анттарын бұзып, бізді "құрбандыққа шалғандары" мен "ақтауға негіздер жоқ" деп, оны 30 жылдай созбалауларының себеп-салдары үшін кінәлі "МЕН"! деп ерлік жасау кезегін "Соларға" қалдырамын әрі жауабын күтемін?! Нәтижесінен газеттің алдағы сандарында хабардар ететін боламын.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев мырзаға
Астана. Ақорда

ҚР Парламентіне
Астана. Үкімет үйі
ҚР Премьер-министрі
О.А.Бектенов мырзаға
Астана. Үкімет үйі

Күмісбек Аманқұл Күмісбекұлынан
ЖСН 440306300282, ұ/т: 87780080605
Мекен-жайы: Шымкент қаласы
(индекс: 160005), Темірлан тас жолы,
№34 үй, 31 пәтер

АРЫЗ

(менімен бірге сегіз перзентімді саяси тұрғыдан заңды және толық ақтаудың 1993 жылдан бергі уақытта созбалануының себеп-салдары туралы)

Арызда көрсетілген, қылмыс құрамы сотпен анықталған «жағдай» 1972-1993 жылдары орын алған. Оны «жоғарғы инстанцияның» тапсырысымен Шымкент қаласының психиатриялық ауруханасының психологы мен психиатрлары Богданова Г.П., Жұмалиева Б.Е., Жаворонко Л.П., Жаманбаев Е.К., Димурова И.Н., Борисов С.П., Чумакова И.С., Матяжев В.А. және ҚР ДСМ бас психиатры м.ғ.к., доцент Беспалов Ю.И., Алматы ММИ психиатрия кафедрасының меңгерушісі м.ғ.д., профессор Зальцман Г.И. өзара келісіп ықпалдасқан топ ретінде жүзеге асырған.

Оларға қарсы күресім мен ар-намысты қорғау туралы талап арызымды Шымкент қаласының Дзержинский/әл-Фараби аудандық соты 19.08.1991 ж. №2-560-90 (іске қатысы жоқ, тарап емес белгілі бір қоғамдық ұйымның «президенті» Абсейітов Райымбектің маған қысастық арыздарына байланысты, ҚР Жоғарғы Сотының 07.06.1993 ж. №3 іс/359 қарсылығымен және облсоттың 24.06.1993ж. №44г-34к қаулысымен бұзылған. Іс сол соттың қайта қарауына жіберілген), 23.09.1993ж. №2-345 және шеккен моральдық зиянды өтету жөніндегі талап арызым Шымкент қалалық соты 02.11.2001ж. №2-253 шешімімен қанағаттандырылған.

Жауапкерлер кінәларын жазбаша мойындағандарымен, шеккен моральдық зиянды өтегендерімен, соттың 23.09.1993ж. №2-345 шешімімен міндеттелгендей, менен ресми түрде жазбаша кешірім сұрамады (10.02.1998ж. №49, 31.03.1998ж.№1447 жауаптары).

Осындай жағдайдағы менің құқығымды қорғау және отбасымның мүшелерімен бірге саяси психиатриялық қуғын-сүргін құрбандары ретінде саяси тұрғыдан заңды және толық ақтауды (әрі қарай мәтін бойынша «бізді ақтау») сұранған арыз-шағымдарым кезең-кезеңімен:

- Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, ҚР Президенті, «Елбасы» Н.Ә.Назарбаевқа 30.03.1990ж. тапсырыс хат №573, 13.05.1991, 13.11.1995, 14.03.1996ж. №к-5784, 16.10.1997ж. №к-8870;

- ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевқа 20.11.2020, ...22.04.2023, 28.11.2023 ЖТ-2023-02418803, 07.02.2024 № ЖТ-2024-03095280, 06.03.2024;

- ҚР Парламентіне, оның депутаты Е.Бөлегеновке, құрбандарды ақтау комиссиясына 20.08.1997, 11.02.1998, 13.03.1998ж. және депутаттар: Б.Кесебаеваға 12.04.2020 №ЖТ-к-1784, А.Перуашовқа 02.02.2021 ж. №ФЛ-к-193, М.Тәжмағамбетоваға 02.12.2021 №ЗТ-Қ-78, К.Балабековке 12.11.2023ж. №ЖТ-к-1842, ... 02.12.2024ж. 263/ЖТ-к-235;

- Мәжіліс төрағасы Н.З.Нығматуллинге 20.11.2020 ж., Е.Қошановқа 27.11.2023 және 08.02.2024ж. №23...198...132 санмен жолданған арыз-шағымдарда толық көлемді мағлұматтар берілген. Дәлелдеме ретінде жоғарыда көрсетілген сот шешімдерінің көшірмелері, оларға негіз болған Мәскеудің «Организация Защиты и реабилитации жертв психиатрического террора» (01.06.1989ж. №14/5), «Международный независимый исследовательский центр по психиатрии (07.10.1990ж. №07/10-08) және Ленинград қаласының «Государственный институт усовершенствование врачей экспертов» пен «Фонд социальной психиатрии и клинической психиологии» ұйымының сот-психиатриялық амбулаторлық сараптау комиссиясының қорытындысын (22.04.1991ж.), «Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві» КММ Қор. 40, тіз.79, іс.94 партиялық дербес ісімдегі мені «қаралау» және оларды қате деп есептеген КОКП пен ҚКП партиялық бақылау комитеттерінің қаулылары: (Шымкент ОПК бюросының 04.12.1985ж., республикалық ПК бюросының 29.05.1986ж., Одақтық ПБК 14.03.1989ж. және обкомның 15.12.1990ж. бюросының шешімі) мен басқа да заңнамалық мәнмағынасы бар архивтік құжаттар тіркелген болатын.

Осылар мен басқа да жағдайларды ескеріп, бізді 1972-1993 жылдарғы «құрбандар» ретінде ақтау туралы арыздарымды қараған облыстық сот пен прокуратура жиынтығында: «... Дәрігер психиатрлардың Сізге негізсіз психиатриялық диагноз(дар) қойғаны жала жабу, қорлау, ар-намысымызды таптау болып табылмайды. Заңсыз ПНД есебіне алғаны конституциялық құқықтарыңызды шектеу, тосқауыл қою, қадір-қасиетіңізді мұқату, кәсіби біліктілігіңізді кемсіту емес.


06.05.1968ж.

Сіз күштеп психиатриялық ауруханаға жатқызылмағансыз және мәжбүрлеп емделмегенсіз. Сіз және отбасы мүшелеріңіз саяси көзқарастарыңыз үшін жазықсыз қылмыстық жауапкершілікке тартылмағансыздар. Жауапкерлер шеккен моральдық зияныңызды өтеген.

Сондықтан Сізді және отбасыңыздың мүшелерін саяси психиатриялық қуғын-сүргіннен зардап шеккен құрбандар қатарына жатқызуға және ақтауға негіздер жоқ», - деген (Облсоттың төрағасы Достаев Ж. 26.06.1996ж. №4г-3п, Әлімбеков М. 30.06.1997ж. №4г-352; облыс прокурорының орынбасары Ибраев К. 28.11.1997ж. №12/446-97, бірінші орынбасары Мамытов К. 12.10.1997ж. №15/581-97, прокуроры Левкин А. 08.01.1998ж. №15/581-98 және ҚР Бас прокурорының орынбасары Оңғаров С. 06.05.1998ж.№8/218-98).

Бұларды Шымкент қаласының Дзержинский ауданы прокуратурасының тергеушілері А.Аубакиров 28.09.1992ж. және Б.Есенбеков 10.06.1993ж. дәрігер-психиатрлардың маған қатысты толық аяқталған және бірнеше рет қайталаған қылмыстарын жасырып, олардың іс-әрекеттерінде ҚР ҚК-нің 143-бабында көрсетілген қылмыс құрамы жоқ деп, қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан. Оны Н.К.Мамытовтың дұрыс деп тапқанын (7.07.1999ж. №15/851-98) ортақ мүдделестік деуге болады.

Өйткені, менің жеке айыптау арызымды қараған Шымкент қалалық соты, аталған дәрігер-психиатрлардың іс-әрекеттерінде ҚР ҚК 129 және 130 баптарында көрсетілген қылмыс құрамының барын анықтаған (28.07.1999 жылғы қаулы. Судья О.Қадірсізов).

Ал, «ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігі» ММ Сіздің 15.08.2023 және 17.02.2024 жылғы хаттарыңызды (арыздарыңызды КАК) қарап: «... Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеті/бағыты 1920-1950 жылдары Қазақстанда орын алған қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың ақталмаған санаттарын толық анықтау, заңды және саяси тұрғыдан ақтау. Өтінішіңізде көтерілген ұсыныстар (талаптілектер КАК) 1972-2023(?) жылдарға қатысты болғандықтан, Мемлекеттік комиссия жұмысының қызметіне кірмейтінін/құзіретіне жатпайтынын хабарлаймыз, ...», - деген.

Осы жерде, ҚР билік басындағы жеке дара жоғарғы лауазым иелерінің, әсіресе прокуратура мен соттардың кәсіби біліктіліктері мен азаматтық парыз-қарыздарын орындаудағы қабілет қасиеттерін салыстырмалы түрде бағалауда, Сіздің (дердің) бізді ақтау жөнінде шешім қабылдауда ескерулеріңіз, өздеріңіздің қандай тұлға және қызметкер екендеріңізді пайымдауларыңыз үшін:

- В.П. Сербский атындағы жалпы және соттық БҒЗИ бөлім меңгерушісі, м.ғ.д., профессор Б.В.Шостакович; КСРО ІІМ басқармасының сарапшысы, т.ғ.к. А.А.Ковалев; ДСМ Бас психиатры А.А.Чуркин, А.П.Карпов; тәуелсіз психиатрлар ассоциациясының президенті м.ғ.к. Ю.С.Савенконың;

- Мәскеу қаласының психиатр-сарапшылары М.Г.Царегородцев, Н.П.Панченко, А.И.Тепанов, О.В.Ухов, А.В.Дорохин;

- Ленинградтың психиатрлары мен психолог сарапшылары м.ғ.д., МБПА академигі, Ресейдің еңбек сіңірген дәрігері Р.М.Войтенко, А.А.Склизков, В.Г.Саковская;

- дербес психиатр –сарапшы, м.ғ.к. А.Н.Земсков;

- Ресей ҒАА, профессор, қоғам қайраткері Э.Т.Бикуловамен және тағы да басқа құқық қорғау, заң мен медицина саласының мамандарымен болған ресми талқылауларда және жеке кездесулердегі түсіндірулерінде, сонымен қатар қолжетімді дереккөздерден алынған ақпаратта: «Адамға психиатриялық диагноз(дар) қойып, ПНД есебіне алу, бірінші кезекте шетелге кету және қайтып келу, сайлау-сайлану, бала асырап алу, қарулы күштер қатарына шақырылу және қызмет ету құқығынан айыруға негіздер беретінін; солармен қатар отты-реактивті қозғалтқышты техникалармен, әскери қаружарақтармен жұмыс істеу, қаржылық-материалдық құндылықтармен операциялар жасау және тағы да басқа жағдайларына шектеулер қоюға себеп болады дегендерін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдім.

Жоғарыдағыларды ескеріп, Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотына бізді ақтау фактын анықтау туралы талап арыз табыстағанмын.

Оны қараған судья П.Сафарбаева, Мен ұсынған материалдар/мәліметтер жеткіліксіз деп, талап арызды қанағаттандырудан бас тартты (28.05.2025ж. №5242-25-002/13642 шешім).

Оған берген апелляциялық шағымымды қараған алқа, сот шешімін өзгеріссіз, шағымды қанағаттандырусыз қалдырды (26.08.2025ж. №2а-1587-2025 қаулы).

Енді бұл істі ҚР кассациялық сотына қайта қарауға жіберуге дайындаудамын.

Сондықтан ҚР Конституциясының 4, 40, 49, 60/ 1, 2, 3, 64, 67-баптарын басшылыққа алып,

Сізден/Сіздерден сұранарым:

1. Менің жағдайыма байланысты, бізді ақтауға негіздер беретіндей етіп, 14.04.1993 ж. №2200 Заңның 1, 3-бабтарына, Мен 30 жылдай ұсынып келген: «... психиатриялық емханада күштеп емдеуді қоса алғанда» дегеннен кейін «... сонымен қатар негізсіз психиатриялық диагноз(дар) қойылған, заңсыз психоневрологиялық диспансер есебіне алынған, бірақ психиатриялық ауруханаға күштеп жатқызылмаған, мәжбүрлеп ем жасалмаған, рухани денінің саулығы сот-психиатриялық сараптау комиссиясының қорытындысымен расталған және соттың тергеу тексеруімен дәлелденген шешімі бар Адам(дар)», - деп тұжырымдалған толықтыру енгізу бастамашылық құқықтарыңызды/міндеттеріңізді жүзеге асыруларыңыз.

2. Президенттің 24.11.2020 ж. №456 Жарлығымен құрылған Мемлекеттік комиссия 2022 жылы дайындаған және Үкіметтің тексеруіне өткізген «жаңа үш Заң» жобаларының Парламент депутаттарының талқылап, қысқартылған мерзімде қабылдап, жариялылыққа берілуін қадағалап, қамтамасыз ету, көшірмелерін маған беру.

2.1. Ол заңдарда:

- құрбандарды ақтау жұмыстарында 2020-2023 жылдары заңды күші жоқ ұсыныста қолданылған 1920-1950 сияқты «басқа жылдармен» шектеуге жол берілмеуі тиісті;

- менің жағдайымдағыдай, сырттай негізсіз психиатриялық диагноз(дар) қойылған, заңсыз ПНД есебіне алынған, белсенді бақылау жүргізілген адамдар «жаңа санат» түріндегі құрбандар ретінде зерттеліп, ақталуға жататын арнайы бағытын ашуды міндеттеу;

3. Мұндай ресми құжат, кассациялық тәртіппен бізді ақтау мәселесін қарайтын ҚР кассациялық сотына табыстауым үшін қажет.

Тіркелді: Еске салу ретінде 3 (үш) парақ.

Арыз иесі: **А.КҮМІСБЕК**
20.01.2026ж.

Еске салу ретінде:

Біздің ақталуымыздың 1993 жылдан бері созбалануының басты себептері 14.04.1993 жылғы №2200 Заңның 1,3-бабтарындағы «кемтарлығы» мен 24.11.2020ж. №456 Жарлықтың «жетіспеушіліктернен» яғни менің жағдайымдағыдай негізсіз психиатриялық диагноз (дар) қойылған, заңсыз ПНД есебіне алынған, «өзгеше ойлайтын» деп аталған және «түбірімен жойылуға» тиісті болған, рухани денінің саулығы сот-психиатриялық сараптау комиссиясының қорытындысымен расталған және соттың тексеру-тергеу шешімдерімен дәлелденген, менің және/немесе осындай жағдайдағы адамдардың «жаңа санат/бағыт» ретінде Заң мен Жарлыққа ендірілмегенінде деп есептеймін. Себебі, Заң мен Жарлыққа «мен ұсынғандай» толықтырулар ендіру немесе «жаңа Заң» қабылдау қажеттілігі жөнінде ҚР басқарушы, билік жүргізуші, атқарушы, Заң шығарушы, құқық қорғау, сот орындарының басшыларына 1993-2025 жылдарғы өтініштерімде, шағымдарымда, талап арыздарымда жазғанмын, сот талқылауларында мәлімдегенмін.

Бірақ, олар менің сондай, адам құқығына қатысты аса маңызды ұсыныстарымды ескермеді, яғни немқұрайдылық, жауапсыздық, әрекетсіздік танытты.

Онысы үшін ҚР Конституциясының, оның негізінде қабылданған азаматтық, қылмыстық процесті кодекстерінде, халықаралық шарттарында және тағы да басқа Заңнамаларда қарастырылғандай, орын алған қателікті дер кезінде түзетпеген, кемтарлықты қалпына келтірмеген, осы ретте бізді алалап, ақталу мүмкіндігімізден айырғаны үшін, жалпы әлемдік тәжірибеде қолданылатындай, кімге болса да жауапкершілік жүктелетінін жеткізу:

а) Осы күнге дейін Сізге/Сіздерге жазған арыз-шағымдарымда хабардар еткенімдей, және «Әділет. Рухани жаңғыру» газетінде жарияланған, назарларыңызға ұсынған сын мақалаларымда келтіргенімдей, КСРО, Қазақ КСР/ҚР азаматы ретінде ар-намысымды сот тәртібімен **тұңғыш рет қорғаған, оған қатыстары болған дәрігер-психиатрлардың кінәларын мойындатқан, болған материалдық шығынымды төлеткен және шеккен моральдық зиянымды өтеткен жалғыз және соңғы тірі, ақталу талабы/құқығына ие әрі оны мемлекеттің құзыретті, өкілетті және міндетті органдарынан талап етуші Адаммын.**

б) Жоғарғы техникалық білімді инженер-механикпін. Отбасылы, бір некеден 9 (тоғыз) перзентім болған. Бүгінде олардың аман-есендерінен 30 (отыз)-дай немере-шөберелі Атамын. ҚР Журналистер Одағының мүшесімін. Республикалық «Ұлт тағдыры» ҚБ бұрынғы ОҚО бөлімінің төрағасымын. «Әділет. Рухани жаңғыру» газетінің «Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің» меңгерушісімін. КСРО-дағы саяси қуғын-сүргін, тергеу ісінде медициналық әдістердің қолданылу тарихы (1965-1991 жылдары Қазақстандағы жағдай мен материалдар негізінде)» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациялық ғылыми-тәжірибелік ізденушімін.

Президент Қ.К.Тоқаевтың 24.11.2020ж. №456 Жарлығымен құрылған мемлекеттік комиссияның Түркістан облысы мен Шымкент қаласының өңірлік кіші комиссиясының мүшесімін (болғанмын).

в) 1985-1991 жылдары ар-намысты қорғау, жалпы әділеттілік үшін күресімде Қазақ КСР-да, кейіннен тәуелсіз Қазақстанда мені қолдайтын бір тұрлаулы тұлға табылмаған. Кезінде соны байқаған облсоттың алқа мүшесі – жалғыз В.Миллер ғана не істеуім керектігі және қайда бару қажеттілігі туралы ақыл-кеңесін берген еді.

Соның бағыттауымен 1989-1991 жылдары Мәскеу, Ленинград қалаларына барып жүріп, амбулаторлық жағдайда жоғарыда келтірілген «психиатриялық террор құрбандарын қорғау және ақтау ұйымдарының, денімнің рухани саулығы туралы «оң» қорытындыларын алып келдім.

Сол үшін В.Миллердің жоғарғы парасаттылығы мен асыл текті азаматтығына айтар алғысым, құрметім шексіз. Осы арызды жазу мүмкіндігіне ие болғаным үшін, қайда жүрсе де басымды иіп тағзым етемін.

г) Оған дейін «уәждеріңіз негізсіз», сондықтан арызыңыз қанағаттандыруға жатпайды деген сот пен прокуратура, «оларды» өздерінің шешімдерімен, қарсылық қаулыларымен «негізді», «дәлелді» деп тауып, Конституциямен кепілдендірілген, бұзылған құқықтарымды қалпына келтірген.

д) Енді 1993 жылдан бері біздің ақталуымыз созбаланып, сол соттар мен прокуратуралардың «мәліметіңіз жеткіліксіз» деп бас тартқандарын қалай түсініп, қалай қабылдап, кімді/кімдерді кінәлауым керек?

Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеті 1920-1950 жылдарғы құрбандарды ақтау. Сіздің қудалануыңыз 1973-2023 (?) жылдары болғандықтан, мемлекеттік комиссиясының қызметіне/құзіретіне жатпайды дегені тек бізді алалап, қорлау ғана емес, Мемлекеттік комиссияның құрылуының мақсатына күмән туындатып, жалпы ҚР мәртебесін мұқалту деп есептеймін.

е) Әлемдік тәжірибеде мемлекеттік органдар тарапынан бір ғана азаматының құқығы бұзылып, сот тәртібімен қалпына келтірілмесе және қылмыстың бір ғана жаңа түрі анықталып, оны жою, алдағы уақытта қайталанбауы үшін қолданыстағы заңдарға толықтыру енгізетіні немесе «жаңа Заң» қабылдайтыны белгілі. Ал, біздің жағдайымызда бәрі керісінше болып тұр.

ё) Бізді ақтау жөніндегі сұрақтар 1993 жылдан бері көтеріліп оның «оң» шешілуі созбалаңа салынғандықтан, қалыптасқан жағдайды тікелей көзбе-көз баяндап түсіндіру мақсатындағы Президент Қ.К.Тоқаевтың, Парламент депутаты К.Балабековтың, мәжіліс төрағасы Е.Қошановтың атына арыздар жазғанмын. Оларымды тікелей табыстауға барғанымда, қабылдау бөлмелерінде, тиісті қызметкерлері: «Сізді қабылдай алмайды» деп түсіндіріп, есік алдынан қайтарған болатын.

Оның себептерінің әртүрлі болуын ескеріп, «мәңгі қозғалтқыш» (вечный двигатель) болмайтынын ескеріп, бұдан былай жалғаспауы мүмкін осы арызым Мемлекеттік органның ең жоғарғы сатысының мұрағатында уақытша болса да, ал «сендердің» деп айтуға құқығым бар, барлығыңның жадтарыңда өмір бақи жаңғырып, А.Күмісбеков кім болған! Мен кіммін? – деген сұрақтың жауабын іздеулерің үшін, осы «еске салуды» арызға тіркеудемін.

Арыз иесі: **А.Күмісбек**
20.01.2026ж.



Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

ШАЙТАН ЕНГЕН ШАҢЫРАҚ



(Соңы. Басы өткен санда).

Алматының шағындау, бірақ қымбат мейрамханасында өткен Кәкіштің қырқы аяқталып, жақындарымен қоштасқан соң, жерлесімнің оққағарымен кездесу үшін уәделескен жерге келдім. Ержан да дәл уақытында келіп, бір-бір шыны шайға тапсырыс беріп, екеуміз әңгімелесіп отырдық.

– Білемін, Дәркеш аға, босстың ойламаған жерден қайтыс болғанын толығырақ білгіңіз келеді, – деді Ержан – Алматыдағы спорт Академиясын бітіріп, каратэден топ жарып жүрсем де, тұрақты жұмысқа орналасудың реті келмеді. Амалдың жоқтығынан үлкен сауда маркетінде жүкші болып жүргенмін. Осыдан екі ай бұрын әкем науқастанып қалып, елге барған болатынмын. Осы сапарымда Кәкіш ағамен таныстым. Сонда білдім сіздер бір мектепте оқып, бір көшеде өсіпсіздер. Әкемнің көңілін сұрап келген Кәкеңе қоштасарда бір өтініш айтты.

– Құрдас, Алматыдағы белгілі азаматсың, маған қарағанда қолың да ұзын. Ержан жоғары оқу орнын бітірсе де, мықты спортшы болса да жұмыссыз жүргені менің қабырғама қатты батып жүр. Құдай айдап өзің келіп қалдың. Бөтен емес, өзіңнің бауырың. Екеуміздің екі атадан қосылатын жақын туыс екендігімізді ұмытпа.

Мен қанша дегенмен спортшымын, жасым бар болғаны 25-те. Тепсе темір үзетін, күш-қайраты тасып тұрған жас жігітпін. Кәкіш аға бас-аяғыма дейін сынай қарап: «Алматыны жақсы білесің бе?» – деп сұрақ қойды.

– Үлкен қалада бес жыл оқыдым, жұмыс істеп жүргеніме бір жарым жылдай болып қалды. Шаһардың түкпір-түкпіріне дейін жақсы білемін, – дедім нақты жауап беріп.

– Автокөлік жүргізу туралы куәлігің бар ма? Алматының кептелісін өзің де жақсы білесің. Көлікті дұрыс жүргізе білесің бе? – деп Кәкіш аға екінші сұрағын қойды.

– Бір адамдай айдаймын. Оның үстіне осы күнге дейін автогонкаға қатысып жүрмін.

– Бәрі дұрыс, – деді әкемнің құрдасы – Алматыға қашан қайтасың?

– Екі күннен соң сонда боламын.

– Олай болса, маған сәрсенбі күні таңертеңгі сағат 10.00-де кел. Мекен-жайым мынада жазылған, – деп визиткалық карточкасын ұсына берді.

Сөйтіп, ойламаған жерден көптен бері көкейімді мазалап жүрген жұмыс мәселесі шешілгендей болды. Айтқан күні «Қаратас» фирмасының төрағасы мені кідіріссіз қабылдады. Ұсынған дипломыма, басқа да құжаттарға көз қиығымен бір қарап: «Қазір кадрлар жөніндегі менеджерге бар. Атқаратын міндетіңді сол түсіндіреді.

Сенімен шаруам бітті дегендей, босс есікті иегімен меңзеді.

Кадрлар жөніндегі менеджер менің атқаратын міндетімді нақты әрі қысқа түсіндірді.

– Сені шартты түрде фирма президентінің көмекшісі деп жұмысқа қабылдаймыз. Басты міндетің – басекеңнің қауіпсіздігіне жауаптысың, сол үшін басыңмен жауап бересің. Оған сұрақ қоюға, сөйлесуге қатаң тыйым салынады. Айтқаны – бұлжымайтын заң. Бұл қызметте уақытпен есептесу деген болмайды. Күн болсын, түн болсын шақырғанда құстай ұшып тез жетуің керек.

Ол сөзін үзіп, қайтадан жалғады.

– Қаруды қалай қолдануды білетін шығарсың?

– Спорт Академиясында оқып жүргенде қару қолдану, ату жөнінде арнайы курстан өттім. Өзіммен қару ұстауға рұқсатым бар. Көлікті де жақсы жүргіземін, бұрынғы автогонщикпін, – дедім қысқа жауап беріп.

– Дұрыс, дұрыс. Айтпақшы, қай жерде тұрасың? – деді менің құжаттарымды тексеріп жатып.

– І-ші Алматы вокзалының маңында пәтер жалдап жүрмін.

– Тым алыс екен. Сенімен бірге жұмыс істейтін серіктесің біздің офистің маңайында біз жалға алған пәтерде тұрады. Мен оған ескертіп қоямын, бүгіннен қалмай көшіп келетін бол. Ертең сағат 8.00-де жұмысың басталады.

Ертесіне жұмысыма кірісіп кеттім. Бір бөлмелі пәтерде тұратын Серік көп ашылып сөйлей бермейтін біртоға жігіт. Босстың бірнеше қымбат көлігі бар. Әртүрлі маркадағы машиналарды екі күн сайын ауыстырып мініп отырамыз. Жұмыстан қайтарда бастықты Медеу жақтағы үйіне жеткізіп, шұғыл кері қайтамыз. Қалада әртүрлі кездесулер, конференциялар, банкеттер болады. Мұндайда бастығымызды көзден таса қылмай, көлеңкесіне айналамыз. Мен қызметте болған екі аптаның ішінде екі рет Астанаға жолсапарға барып қайттық.

Бұл мекемеде жұмыс істей бастағаныма бір ай толғанда бастық өзіне шақырды. Бірдеңені дұрыс істемей, көңілінен шықпай қалдым ба деп, кабинетке қорқа-қорқа кірдім. Кәкіш қысқа амандықтан соң, бірден шақырған шаруасына көшті.

– Бүгін бізге Астанадан мәртебелі қонақ келеді. Соны жақсылап күтіп жіберуіміз керек. Сенің серіктесің Алматыдағы ең мықты деген саунаны дайындап жатыр. Дастархан мәзірін де сол жасайды. Сенің міндетің – екі жас иіс тауып әкелу. Отыздан асқан кәрі қыз әкеліп жүрме, жастау, әрі бет-әлпеті, бас-аяғы дұрыстау болсын. Ақшаны аяма, 1000 бакс жетіп қалар, – деп алдында жатқан конвертті маған ысыра салды.

– Құп болады, басеке! – деп кабинеттен шыға бердім. Жылмыңдап қалған бір таныс жеңгетай арқылы әлі жиырма жасқа толмаған уыздай-уыздай екі сұлу қызды айтқан жерге дәл уақытында жеткіздім. Босс және қонақ отырған үлкен бөлменің есігін қақтым.

– Кір! – деген Кәкіштің көңілді даусы естілді.

Мен ішке кіргенде бастық өзін ханнан кем санамайтын астаналық дөкеймен мол етіп жайылған дастархан үстінде мұз салған қымбат виски ішіп отыр еді.

– Басеке, айтқаныңызды орындадым, кірсін бе? – дедім рұқсат сұрап.

– Кірсін, кірсін...

– Бәке, бір тосын сый жасайын деп едім. Қазір сізге ай десе аузы бар, күн десе көзі бар екі сұлу массаж жасайды. Ха, ха...

Қысқа шолақ шортик киген жап-жас қыз ішке кіргенде түсі бұзылып, «Папа» деп шошына айқайлап, кері қарай тұра кеп қашты...

– София, сенсің бе?

Түрі кенеттен бозарып кеткен босстың қолындағы виски құйылған стакан жерге құлап, быт-шыты шығып, өзі жүрегін ұстаған күйі еденге құлап түсті... Бірдеңені бүлдіргенімді біліп, төбе шашым тік тұрып, зәрем қалмады. Ұялы телефонымды жалма-жан алып, «Жедел жәрдем» шақыра бастадым. Істің насырға шауып, басына бәле таянған әлгі месқарын дөкей «Астафралла! Астафралла!» деп тез-тез киініп, тайып отырды. Дәрігер келгенде тым кеш еді... Кәкіш жүрек талмасынан қайтыс болды. Мәйітханаға апара жатқанда бастықтың адырайған көздерін көргенде тұла бойым мұздап қоя берді. Оның шатынап кеткен көздерінде үлкен бір үрей бар еді, – деді Ержан ауыр күрсініп. – Осы өлімге менің де қатысым бар екендігін есіме алғанда түнде дөңбекшіп ұйықтай алмаймын. Дәл мұндай болады деп кім ойлаған! Кеше өз еркіммен жұмыстан босадым.

Екеуміз орнымыздан тұрып, көңілсіз қоштастық. Жаңа ғана ашық тұрған аспанды қара бұлт тұмшалап, жаңбыр жауа бастады.

Арада үш ай өткенде қалалық прокуратурада қызмет атқаратын бір танысым Кәкіш туралы қорқынышты деректер берді. Ол ұйымдастырған қылмыстық топ, мемлекетке миллиардтаған теңгенің экономикалық шығынын әкеліпті. Республика көлемі бойынша көлік жолдарын жөндеуде, салуда жүздеген адамның жалақысын бермей қан қақсатқаны өз алдына бір әңгіме. Небір жас қыз-келіншектерді алдап-арбағаны, зорлағаны туралы деректерді оқығанда, төбем шымырлап кеткендей болды. Ең сорақысы – өзі де, әйелі де, жап-жас қызы да жеңіл жүріске салынып, шаңырақтарын әзәзіл шайтан билепті.

Жақында Медеудің кіре берісіндегі көрікті жерге заңсыз салынған үйлерді қалай қиратып бұзғаны туралы қалалық теледидардан арнайы хабар берді. Сол қымбат үйлердің арасынан Кәкіштің үйінің де тас-талқан болып бұзылып жатқанын көріп қалдым.

ЕСТІГЕНДЕЙ ЕЛІГЕМ ТӘҢІР ҮНІН



Ұстаз жандардың қағазбен көп әурешілігін ұстаздар ғана білетін шығар. Сол себепті, талай қаламның ұшын тоздырған, бірақ, өлеңге сиясын тауыспаған сондай бір азаматты жақсы білемін. Ол өлеңдері анда-санда аудандық басылымда жарияланып қалатын, екі өлең кітабының авторы, ҚР білім беру ісінің үздігі атанған, Жамбыл атындағы №6 кәсіптік-техникалық колледждің бұрынғы қызметкері, қазіргі зейнеткер – Сәбит Алдабергенұлы.

Кезінде Бүкілодақтық және Қазақстан комсомолы орталық комитеттерінің, Облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының Құрмет грамоталарымен марапатталғаны оның қажырлы еңбегінің бағасы. Менің тағы білетінім, Сәкең зейнетке шыққан соң, уақыт тізгінді өз қолына тигенде, ойы тереңдеп, әбден толысқан шағында, бұрынғы өлеңдерінің басым көпшілігін қайта қарап, өлшеп, өңдеп, тәп-тәуір дүниеге айналдырғаны. Өн бойындағы ұқыптылық, тақуалық пен үлкен жауапкершілік өлеңдерін оқырмандардың көңілінен шығарлық дәрежеге жеткізуге себепкер болған. Өз туындыларын, әсіресе, лирикалық өлеңдерін ұзын сонарға салмай, шағын көлемде және нақты баяндауы оның қабілетінің бір қыры.

Жетпіс бес жылдығын жақында атап өткен Сәбит Алдабергенұлын мерейтойымен құттықтай келе, жаңадан жазылған өлеңдер топтамасын ұсынып отырмыз.

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,
жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының лауреаты.

АЛАТАУМЫЗ

Құдірет қақпақайлар қолыменен,
«Адамның басы — Алла добы» деген.
Әкем де ойлы-қырлы дүниеде,
Тағдырдың домалаған жолыменен.

Сіңірген мол еңбегі Отанына...
Қимаған қош айтысып отауына,
Әскерге жас жеткенде жолдамамен,
Аттанған таскөмірді қопаруға.

Міндеті: «жарғыш» болып талқандаған,
Құдайым қарайласып қалқан болған.
Сапёрдей қыл үстінде жүргендіктен,
Жүйкенің жібі үзіліп талқан болған!

Сондағы көмір жарып таба алғаны,
Қатерден қара шашы ағарғаны.
Қаншалық емделгенмен қаталанып,
Қызарған қанталаған жанарлары.

Самайдың себеп болып «жаңарғаны»,
« Алатау» құрдастары жалғаны.
Ұрпағы ондай атақ алмағанмен,
Алайда, «алатауға» саналған-ды.

Біздер сол: бауыр, ұлым —гүлдегенбіз,
Шашымыз ерте ағарып үлгергенбіз.
Атадан жалғасқан сол «асыл мұра»,
Соғыстың сақталғандай бізде реңі.

Жалғадым үміт-арқау немереге,
Соғысты болдырмасын сенем елге.
Әйтеуір, қауіп-қатер шаш ағартпай,
Тағдыры түспесе екен жеребеге.

ЖАПЫРАҚТАР ЖҰЛЫНАР

Аңсап жүріп аптаптың басылғанын,
Көңілімнің сарғайтып жасыл бағын,
Салқын күздің қабағы сұстаныпты,
Тоңазытып қарағаш асыл қанын.

Жапырақсыз жабығып құба талым,
Білген едім, әйтеуір, мұңайтарын.
Ал, бәйтерек тамыры тереңдеген,
Сары желеуі біраз күн жұбатарын.

Қарашаны қоңыр күз қонақ етіп,
Қарақшы жел тоғайды тонап өтіп,
Саябақты суырып сілкілейді,
Суық қолын қойнына сала төніп.

Желтоқсан да жетер-ау дабыл қағып,
Пенде де сол — түнерер жабырқанып.
Өз өмірін өлшеген өкінішпен,
Өткерілген жылдарын азырқанып.

Мезгіл жетсе құла дүз курамас па?
Адамда да амал жоқ мұңаймасқа.
Өңі өзгеріп, жұлынар жапырақтай,
Табиғаттың жолы жоқ бұдан басқа.

ТАМШЫДАЙ ТАЗА

Тұныған көлдей көздерден,
Қызарған күннен өң берген,
Үзіліп түсер тамшыдай,
Көрікті қызды көрген ем.

Тама жаздаған бір тамшы,
Тамбай-ақ тұратұрсайшы.
Өлеңге сусын бергендей,
Жүргенде құрғап жыр-тапшы.

Шөліркеп барып, құрғап ем,
Жолықтым жалқын нұрға мен.
Батар күн от боп көзіңде,
Батысқа қарап тұрған ең.

Санада сөнбей сол бір кез,
Тұмадай тұнған мөлдір көз.
Үкінің көзі — қос лағыл,
Үп етсең отын сөндірмес.

Көркем қыз көнген болғансып,
Жақындап жанай қолдастық.
Қызарып қыз да, батар күн,
Шымылдық қызыл қалды ашық.

Тамшыдай таза пәктігің,
Сырнайлы саздай тәтті үнің.
Табиғатпенен табысқан,
Ғажайып көрген сәт күнім!

Түйіскен ерін — тәттіні,
Сыйлаған көңіл шаттығын,
Тамшыға сыйып кетті де,
Теңізге қызыл батты күн!

Шабытпен өлең жаздырып,
Аңсатқан қызға жан жылып,
Тамшыны қызыл тамдырып,
Жалқыннан жамал жамылып,
Күн батты... шоғын қалдырып!

ТАУ МЕН ДАЛА ТУЫСҚАН

Тауларды аласартпай,
Даланы асқақтатайық.
О. Сүлейменов.

Құрлықтан жаралмаған теңіз бөлек,
О бастан тау мен дала егіз, демек.
Ендеше, ежелгіде жаралған соң,
Ерекше емексудің жөні бөлек.

Таулардың дала тәнті паңдығына,
Құйылған құзырына таң нұрына.
Таулар да шетсіз, шексіз шартарапқа,
Көніп тұр көсемсімей табынуға!

Көккаптал — соның бірі көктөбедей,
Күзде де көкорайлы көктемедей.
Көз салсам маусымдайын масайраймын,
Көк далам көк көсіліп көктегендей!

Соқпағым басталатын басы мұнан,
Жартасы жаралғандай жасын жырдан!
Даланың ұлылығын ұғар ұрпақ,
Құзардың көз тастасы хас шыңынан!

Шаншылған аспаныма қасқа шыңға,
Таңырқап қамал құрған тастарына,
Күмән жоқ, Құдірет күш шағып-шағып,
Далаға сыбаға ғып шашқанына!!!

Тірегем мен де арқа асқарыма,
Төскейде толысқанмын жас шағымда.
Қымбат жоқ қазағыма таулары мен,
Тап осы, жазирадан басқа мұра!!!

Биік пен жазықтықтың күн аулаған,
Бар сырын сұрамай-ақ ұламадан,
Танырсың тұтастығын жұмыр жердің,
Ғарыштан елестетсең мұнарланған!

ШӨЛ

Әдетте әрленетін дестелі жыр,
Құраған қу далаға көшкелі жүр...
Сапырып құм қуырған,
Сыр суырған,
Қайнаған құм қазаны өшпейді бір.

Басы бар аяғы жоқ ағыстарым,
Қиырдан қуаңданған алыстадың.
Күйдіріп күн төбеден, құм астыннан
Қансыған тақырменен табыспадың.

Өңірде өзен тапшы тасып аққан,
Жылға жоқ жүгіртерге жасыл баққа...
Қиналған қара шалға қайран қалам,
Құдықтан бақшаға су тасып жатқан.

Кең далам сонша неге қуаң келген?
Бір жұтым қақ таба алмай құлан өлген.
Тереңнен су сүзетін сексеуілден,
Басқа түк қылпығын жоқ қылаң берген.

Сағымға сүңгіп сайғақ жетіп пе еді?
Жетпеген жаңбырлы бұлт мертіккені.
Тұтанған түнгі тірлік, күндіз өшіп,
Жабыққан жұтаңысын жер біткеннің.

Шөліркеп, шөгіп өлген теңіз бе едің?...
Ширығып, шөл жұтынған өмір көрдім.
Шаянға, кесірткеге, қосаяққа,
Шілдеде шытынамас төзім бердің.

САРҚЫРАМА

Сауылдап сорғалаған сарқырама,
Таулардың қойнауынан қарқын алған.
Үздіксіз «уралаған» сарбаздардай,
Дуалы бірсарынды даусы маған!

Құзармен жағаласып ұрғылаған,
Тасқыны тас табанды бұрғылаған!
Кім білсін...
Қанша заман толастамай,
Түбінен саба-шұңқыр үңгіп алған!

Саумалдай пісіп-пісіп сабадағы,
Көбікті қымыздайын тола қалды!
Сусынын қанша сімір таусылмайтын,
Сабылып шатқалдардан ағады әлі.

Жақпарлар доспен жаңа қауышқандай,
Аймалап, ағысымен алысқандай!
Көшкіндей еңістерден екпін алған,
Аптыққан алағауым ағыстар-ай!

Жағаға шашуларын шашып талмай,
Алқапқа сусұраған асыққандай!
Арнадан аласұрып асатындай,
Селдетіп құйған жауын тасытқандай!

Талабын тасқа соғып тауысқандай,
Шаршаған шобыр аттай шабыстан да,
Жазыққа жеткенінде жуасыған,
Жайдарлы жолдасымен табысқандай.

Өлең өлкесіне қанат қаққан қос қарлығаш



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетінде білім алып жүрген жас ақындар Айшагүл Кусаинова мен Анел Жамбылдың поэзия әлеміне жасаған алғашқы қадамдары жүрекке жылы әсер қалдырады. Олардың әрбір жыры – жан тербейтін нәзік сезімнің, өмірді өз өрнегімен көруге деген талпыныстың белгісі. Өлең жолдарынан поэзия атты тылсым әлемнің үнін, оның рухани қуатын терең ұғына алатын, сөздің қадірін бойына сіңірген жас таланттардың табиғи сезімі айқын аңғарылады.

Айшагүл мен Анелдің қаламынан туған жырлар – жастықтың албырт лебін, мөлдір арманын, жүректегі шынайы толқыныстарды жеткізе алатын сырлы дүниелер. Бұл олардың әдебиетке деген шынайы сүйіспеншілігінің, өнерге адал ниетінің көрінісі. Алғашқы қадамдары болса да, жүректегі жылуы мен ойларындағы тазалық оқырманға әсер етіп, жас қаламгерлердің болашағынан мол үміт күттіретіні анық.

Біз жас ақындардың шабытқа толы ізденісін өлең өлкесіне енді қанат қаққан қос қарлығаштың сенімді самғауына балаймыз. Уақыт өте олардың үні биіктеп, поэзия төрінен өз орнын табарына сенім мол.

Аялдамай ағылған ойлар, тоқтаусыз туатын сезімдер, жүректі тербейтін сырлы толғаныстар – нағыз ақынға қажет қасиеттер. Айшагүл мен Анелде осы қасиеттердің бәрінің нышаны бар. Ендеше, шығармашылықтарындағы осы алғашқы қадамдары олардың үлкен әдеби жолының бастауына айналсын деп тілейміз.

Жыр жолдарыңыз көбейсін, шабыттарыңыз шарықтасын, өнердегі өрнектеріңіз одан әрі өркен жая берсін!

«Әділет. Рухани жаңғыру» республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газетінің шығармашылық ұжымы



Айшагүл КУСАИНОВА

Аманат-адалдық

Мен елдікпін!
Тұғыр тапқан арманы,
Азаттықпын болған дала қорғаны!
«Жеті жарғы» керегемді тең етіп,
Тәуке болған қазағымның тарланы.

Мен асаумын!
Дұшпанына көнбейтін,
Жалын отпын, шоғы қарар,
сөнбейтін.
Асау болып намысты мен оятсам,
Жалын болып сенім берем өлмейтін!

Мен тарихпын!
Ұзын мен сақтан дарығам,
Өткенім бар тасқа дастан жазылған.
Тілеуіммен еркіндігім түледі,
Тектілердің қанымменен алынған!

Мен бақытпын!
Қонған қазақ басына,
Себеп болған қуаныштың жасына.
Енді бүгін қасиет боп саналар,
Құрбандардың басы тиген тасы да!

Мен Ұлымын!
Басын қосқан Алаштың,
Тұғырына еркін елдің талас кім?
Ұлы дала рухыменен қайралған,
Қылышындай өрлігіммен жарастым.!

Тәуелсізбін!
Танимысың, адамзат,
Желбіреген Алаш туы алаңда ақ!
Аманатқа «Қазақпын!» дер адал тек,
Әр қазаққа болған елдік қадам бақ!

Тұман мен ес

Сұп-сұры түстен реңсіз
тартып айнала,
Көк тұман құшып,
адымдап келем жай ғана.
«Тоқта» деп шартын
қойғанменен бұл фәни,
Сезбедім оны қалғандай
санам байлана.

Дүрсілі қатты жүрегім
бір сыр шертеді,
«Бұрыл» деп артқа
өткенім мені түртеді.
Адасқан ойлар,
сан-саққа кетіп пайымдар,
Сағыныш сазы оралар күнді күтеді
Мазамды алдың,
жібергің келмей, өткенім,
Қынжылып оған,
дұрыс па сені сөккенім?!
Ішімде бәрі, кілттеулі
шынжыр құлыппен,
Аша алмай соны,
жөн еді жырақ кеткенім.

Бұлғаған қолын,
шақырды мені бір бақыт,
Зымырап өтер,
тоқтамы жоқ-ау бұл уақыт.
Бақыттың, бәлкім,
қолынан ұстап мен кетем,
Өткенге жалғас бүгінді
жырмен жырлатып.

Жазылды сөзім өмірді
мынау ұқтырған,
Түңілген сәтті жадымнан
мәңгі жоқ қылғам.
Жоғалған кез бен
сүрінгенімді жан ұғып,
Жиғанмын есті соққыдан
тұман соқтырған.

Балалығым…

Балалығым өтті әдемі мендегі,
Сол бір күнім тәтті өмірден
кем бе еді?
Бал шырындай қонған
мына ғұмырым
Бал шырындай дәл өзіне тең бе еді?

Өмір дейтін ғаламды байыппенен
Ақ айдынға ақ кілем жайып келем.
Бала кезден таныссам тұл Жайықпен,
Ойнап өстім шулы бурыл
Ақжайықпен.

Бала болдық, қираттық, ойнадық біз,
Сонда да тоқтамауды ойладық біз.
Күнтізбеге көз салып әрбір күні,
Әр мейрамды шаттықпен
тойладық біз.

Балалығым бақытты өтті ме екен?
Сол кеткеннен мол болып
кетті ме екен?!
Әрбір сәтсіз күндерім бұл дүниеде
Сорлы адам хәліне жетті ме екен?

Міне, өстім, жетілдім, ақыл кірді,
Ұстадым деп ойлаймын асыл нұрды.
Алдағы күн жарқын ба білу үшін,
Керек болар әрқашан жасыл дүрбі.

Анел ЖАМБЫЛ

Әке – асқар тау

Сүрінгенде, жылағанда аш қалып,
Күрсінгенде, құлағанда бос налып.
Бір адам бар жылытатын қашанда,
Көзімізге қарамайтын жасты алып.

Еңсем түсіп, кей-кезде көз ілмедім,
Таусылғанда ең соңғы төзімдерім.
Қуанамын сонда да, сіз өйткені
Қымбаттысың, үлкенім өзің дедің.

Қараңғыдан қорықпаймын ендігі,
Мәлім болса кімнің кімге теңдігі.
Кейде маған тіпті қатты ұнайды,
Сіздің жүрек барша жанға кеңдігі.

Өмірдің енді басып баспалдағын,
Дайын тұр қысқы күнге
қасқалдағың.
Жақтамадың мені бірақ,
деуші едің,
Аман болсын бастысы
бас пен малың.

Сіз жүрген ізді қайта жалғастырам,
Қисығын түзу қылып алмастырам.
Тамшы емес, бұлаққа айналамын,
Су іздесем шөлім де қанбас бұдан.

Әз-Наурыз өлең

Әр дәстүрін дәріптеген халықпыз,
Қара түнде мұқтаждарға
жарықпыз.
Тарихында батыр болып
сақталған,
Тұлғалардың ішіндегі алыппыз!

Көктем келіп, жылытқанда
ғаламды,
Енді басып жатқанында қадамды.
Жаңа жылын тойлататын ұлтымыз,
Қайтпайтұғын тоздырғанша
табанды.

Дәм татайық тағамынан
ұлтымның,
Орны бөлек бауырсақ пен
құртының.
Ата-баба аманаты бұл мейрам,
Есте сақта салт-дәстүрін
жұртымның.

Артқа тастап реніш пенен өкпеңді,
Қарсы алайық қуанышпен
көктемді.
Шуақ шашып тұр ау бізге
мейрам да,
Ұмытайық өткен менен кеткенді.

Әлемге ерлікпенен жатталайық,
Мұрасымен бабамның
мақтанайық.
Дәстүрін сақтап келген мәңгілік,
Қазағым алаш деген атқа лайық!

Ұлы тұлға

Абай – теңіз, толқынымен
тасытқан,
Қара өлеңмен нәр беруге асыққан.
Қашық бол деп атаған
жаман әдетті,
Өмірге емес байлыққа
көзі ғашықтан.

Ғылым-білім іздендіріп халқына,
Надандықтан құтқарады алқына.
Имандылық сақталады жүректе,
Тиісуге қақымыз жоқ даңқына.

Шындықты айналдырып өтірікке,
Дуананы баладық бөлтірікке.
Әділетті іздедік көзді байлап,
Сенгіштеніп айтылған көпірікке.

Мезгілімен келеді дүркірегім,
Қаны тулап тұрғанда түркілердің.
Кезігуден қорқамын Абай айтқан,
Құлығына айлакер түлкілердің.

Жалғыз өзі күрескен сағы сынбай,
Толқығанда Ертістің ағысындай.
Қамын жеген халқының ізгілікпен,
Үзіліссіз жүректің қағысындай.

Асыл мұра сақталса есті күннен,
Сыр ашады халқына ескі үнмен.
Ұлы тұлға ұмытылмас қашанда,
Мәңгі есте қаларсың кескініңмен.

Мұқағалиға арнау

Ақиық ақындар көп дара туған,
Біртуар асылдар көп өнер қуған.
Тұғыры биік данасың уақыты аз,
Текті елдің қанынан жаратылған.

Ақын жүрек соғады мәңгілікке
Досы аздық музаға сәнділік пе?
Өлең-адам азығы байытатын
Дәруменін сақтаған дәмділікке

Ғасыр да аз ақынға жалтылдаған
Көптің бірі емессің балпылдаған.
Мұқағали дастаны жайнап тұрар
Бұлағындай бөктердің
сарқылмаған

Жан амалы қалмады дерт жеткесін,
Құрметтейік, сеніммен
серт еткесін.
Мұрағатын тоздырмай асыл еттік
«Ақын өлсе, өлең өлмес»
деп кеткесін

Жалынды жастарына асық болып
Өмірдің толқынынан тасып-толып
Мен де сенің ізіңді қуып келем
Өлеңге жан тәніммен
ғашық болып.

Батыр аға Бауыржан

Фашисттерден елін аман сақтаған,
Қаһарманым, мен өзіңмен
мақтанам.
Қарсы тұрып жауын менен
дауылға,
Батырлықты паш етуге аттанам.

Қазағымның мұзбалақ
қыранысың,
Батырысың, алпауыт тұранысың.
Ақындарым өзіңе жазып өткен,
Таусылмайтын елімнің
жыр-әнісің.

Көк байрағын көкке жайып
желбіреткен,
Қазағымның мәртебесін
биік еткен.
Алаулап, оттай жанған
жанарымен,
Ұзын-қиыр жолдарды қиып өткен.

Туған жерден жыраққа
кеткенің бе?
Қан майданның зардабын
шеккеніңде.

Қиындыққа соқтырды-ау
сол жылдары,
Түрлі соқпақ жолдардан
өткенің де.

Білдірткендей мөлдір таза
көңіліңді,
Қаламыңнан үнсіз жырлар
төгілінді.
Халқыңның ұмытылмас
ұлы болған,
Алып жүрек жырлайды
қоңыр үнді.

Қазағыма қымбатсың-ау
алтыннан,
Сөйлеуге де бір өзіңнен
тартынған.
Қыранымдай туған жердің бақилық,
Таймағансың тура бойлы
қалпыңнан.

Қуыс кеуде жырлайды
сағыныштан,
Қалтарыстан жүректі алып ұшқан.
Кербез солдат барады
қанды жолға,
Жолаушыны іздеуге жаңылысқан.

Жан біткендей қарадым мүсініңе,
Шаң жуытпай ерліктің есіміне.
Рухың тірі жүргендей қиялымда,
Қағып тұрған секілді есігіме.

МҰРАГЕРЛІК ІС АШЫЛДЫ

2025 жылдың 10 мамырында қайтыс болған **Елеуова Сапариядан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2025 жылдың 10 қыркүйегінде қайтыс болған **Шойбеков Ерлан Жарылкасыновичтан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бо-йынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимова-да мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

МҰРАГЕРЛІК ІС АШЫЛДЫ

2026 жылдың 26 тамызында қайтыс болған **Нурлыбаев Зерхан Муталиевичтан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2025 жылдың 25 қарашасында қайтыс болған **Әби Сақтаған Жарасұлыдан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

ОТКРЫЛОСЬ НАСЛЕДСТВО

Умер **Джусупов Нурлан Ширинбекович**, дата смерти: 04 января 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Әділет
zhangyru@mail.ru

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС
директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ *(Алматы)*

Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*

Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали Сәрсенбай *(Алматы)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70,
+7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.

* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген *(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).*

Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.

Айына үш рет жарық көреді.

Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы

Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 220.

adilet-gazeti.kz



Мұхтар ШЕРІМ,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, сатирик

Супер бетсіздер

(Сатиралық роман)

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

– Майра, мына жерде құрметсіз бастар жатыр екен!

– Кімнің бастары ойбай?

– Қарасаңшы!

– Лениннің басы ма?

– Е, жоға, Брежнев, Горбачев…

– Бюсттер ғой.

– Иә, бюст деуші ме еді? Бастықтардың үстелі үстінде осындай бю-бюсттер тұрушы еді.

– Бю, бю демей, қоя сал! Керек еді…

– Ал, лақтырамын! – деген ол Горбачевтің басын әуелете лақтырып жіберді. Ұрының қатыны көйлегінің етегімен қағып алды.

– Ербол, бүлдіріп қайтеміз? Тұра берсін, мә, қағып ал!

Майра күйеуіне бюстті қайта лақтырды. Күйеуі футбол алаңындағы қақпада тұрғандай Горбачевті қағып алды. Қағып алып, қайта лақтырды.

– Жек көремін!

Әйелі етегімен қағып алып, бюстің о жақ, бұ жағын қарады.

«Менің басым сендерге ойыншық болды ма?» деп сұстана қарап тұрғандай әсер етті.

– Бұл домаланған бастар не үшін керек болды екен?

– О, міне, үшінші бас! Атаңа нәлеттің басы!

– Ол кім?

– Қазақты өте жек көретін адам.

– Айтсаңшы кім?

– Сен танисың. Алғашқы махаббатың.

– Қылжақтамашы.

– Жарайды, бізге бәрі бір! Брежневтің басы ма, Колбиннің басы ма, бізге келіп-кетері не?

– Горбачевті қағып ал! Мә! – деген Майра бюстті күйеуіне қарай лақтырды. Күйеуі қағып алып, тағы таң қалды:

– О-о, мына қорапта қасқырдың басы жатыр! Гипстен жасалған сияқты. Тістерін көрсетіп, ыржиып, күлейін деп тұр.

– Қасқыр күлмейді. Азу тістерін ақситып, ырылдап тұрған шығар?

Бұлардан бөлек есірткі түрлері: героин дейді ме, марихуана дейді ме, экстазиден салынған бірнеше қорапты көрген атақты ұры қуанғанынан өзін-өзі құшақтай алды.

– Майра! Есірткілер қоймасына тап болдық! «Біз ашылдық!» – деген ол жерге секіріп түсті. Тіпті, билей бастады.

– «Ашылдық» дегенің не?

– Жаңадан дүкен, кафе салынып, сосын «біз ашылдық» деп жазып қоймаушы ма еді? Мына байлықты көріп, көз алдыма кафелерім елестеп кеткені…

– Аузыңа май, астыңа «тайота»! – деді ұрының қатыны.

– Миллиардерміз! – деді Ербол әйелінің бетінен сүйіп қойып. – Контрабанданың тауарлары болып шықты!

Сол екен, жиылған қораптардың ең соңына жасырынған бір еңгезердей жігіт сорайып шыға келді, қолында Калашников автоматы.

– Ей, миллиардерлер! – деген дауысты естігенде екеуі билеп жатқан күйі тобық жұтқандай үнсіз тұрып қалды. Ербол басын ғана бұрып, жоғары қарады. Жұтынып, ернін жалады. «Мынаның түрі жаман, ата салмақ! Шайтан сияқты сап ете қалған бұл кім болды екен? Шіреніп тұрғанын қара! Талтайып алып. Қолының саусағы автоматтың шүріппесінде, басып қалса трата та, бітті!».

– Имандарыңды үйіріңдер, – деген ол автоматын кезенді. «Е-е, өлген деген осы. Айдалада өлу деген қандай қорқынышты. Ит пен құсқа жем болатын болдық. Құдай жазамызды берді. Оқ тигенде қалай болады екен? «Тыз» ете қалатын шығар? Әлде жараланып, қиналып кетемін бе? Тіл тартпай кеткен жақсы ғой деймін. Бәріне кінәлі Майра! «Қалаға жол-жөнекей көлікпен жетейік» деген сол. Басында маған тиерде «бір жастықта қартайып, бір мезгілде, бір сағатта өлеміз деген еді, айтқаны айдай келді!» деп қайғырды Ербол. «Масқара өлім! Айдаладағы өлім! Таспен басына бір ұрып, сұлата салар ма едім, шіркін! Әлде, құдай жазамызды беріп, осы күйге душар етті ме екен? Мынауың ештеңеден тайсалмайды. Қандай амал бар, жастай кетіп барамыз. Ерте ғой бізге, ерте… Ұрлықты қойып, қара су ішсек те, бақытты күндер өткізетін жағдайымыз бар еді ғой! Ал, ұрының қатыны, жаназаңды кім шығарады? Күн ыстық, бізді әлдекімдер тауып алғанша сасып кететін шығармыз! Үстімізге шымшықтар қонып, қарғалар шоқып… » деген суық ойлар Майраның өн бойын қалтыратты. Бірақ оқиға басқаша өрбіді. Майра осылай қарай құйындатып келе жатқан аттылыны байқап қалды. Сол екен, бейтаныс - қамшысымен қарақшының басына салып қалып, мұрттай ұшырғаны! Құдайым-ау, не болып кетті өзі? Ербол шалт қимылдап, есінен тана құлаған жексұрынның мойынынан қылғындыра түсті. Саусақтары қарысып қалған, жіберер емес. Жан берісу оңай ма? Екеуі аунасып, бірінің үстіне бірі шығады дейсің. Ыңғайы келгенде бір-бірінің тұмсығына жұдырықпен салысып қалады. Майра пияз турап, сәбіз аршып отырған жоқ қызықтай қарайтындай. Дереу жерде жатқан үлкен кесекті алып, қарақшының басына ұрмақ болған, олар аунасып, бір орында тұрмады. Бір рет ұрып та жіберген, кесек жерге тиіп, майдаланып кетті. Қап, осындайда тас болар ма? Тас! Майра жерден тас іздеп кетті. Тіпті, алысқа ұзап барады. Қарақшының астына түскен күйеуі оны байқап қалып, айқай салды:

– Майра! Қайда кетіп бара жатырсың?

– Тас іздеп келейін?

– Сен үшін біреу бір машина тас төгіп қойыпты ма?

– Мен келгенше өліп қалма!

Көмектескісі келді ғой деймін, падашы атынан түсіп, отыра қалып, бәтеңкесін шешіп алды. Салмақтап көрді. Сосын алмакезек аунасып жатқандарға жақындап келіп, қарақшының басына жіберіп ұрды. Ол рахмет айтқандай соққыдан сылқ етіп, есінен танып қалды. Оның басына тағы бір ұрып жібергісі келген еді, нысанадан мүлт кетіп, бәтеңкенің өкшесі Ерболдың басына сарт ете қалды. Ұрының ұрты томпайып, бір түрлі жымиды да, сылқ етіп қарақшының үстінен құлап түсті. «Ой, кешір інішек, байқамай қалдым!» деді Асылбек. Бұл кезде ентігіп Майра жеткен еді. Қолында тас.

– Күйеуімді неге ұрдыңыз, ойбай? – деп айқай салды Майра.

– Қателесіп кеттім. Кешіріңдер.

Ербол есін жиып, талықсып жатқан қарақшыны қылғындыра бастады.

– Болды Ербол, болды! Өліп қалды! – деген Майраның сөзін елең қылмады.

– Саусақтарым қатып қалды, – деді ол әрең демін алып,

– Жіберсеңші?

– Саусақтарымның арасына су құйсаңшы!

– Не?

– Жібісін.

Әйелі жерде жатқан кесекті алып, қолына аямай ұрғанда, ол қолын тартып алды.

– Ой, абайласаңшы! – деп қолын сілкілеген күйеуі ат үстіндегі Асылбекке қарады.

– Інішек, автоматпен «контрольный» оқ жіберші, – деді алқынған Асылбек.

– Автомат атып көрген емеспін, оқтатекте насыбай ататыным болмаса, – деді Асылбек салқын ғана үн қатып.

– Сен кімсің? Аспаннан салбырап түстің бе? – деп сұрады Майра.

– Сиырлардың әкімі едім. Иә, падашымын. Атым Асылбек. Ауылдың сиырларын «оптом» бағып жүрмін.

– Рахмет сағаң, сиырлардың әкімі! Бізді бір өлімнен құтқардың. Аттан түсе қой, сені құшақтап селфи жасап жіберейін!

– Жоқ, рахмет, бөтен әйелмен құшақтасу күнә, – деген ол тартыншақтады.

Ербол жаны жаһаннамға кеткен қарақшының жанына келді. Тізерлеп отыра кетіп:

– Кешір мені, қарақшы бауырым. «Өлтірем» деп ойлаған жоқпын. Өзіңнен қорғандым. Өмірімде адам өлтіріп көрмеген едім, кешір мені. Өзің ғой, сорайып шыға келген. Жасырынып отыра бермедің бе? Біз онсыз да кетейік деп ойлағанбыз. Не болды енді? Көзің аларып, түрің бозарып, өлдің де қалдың! Жұмақта саған орын жоқ шығар, тозаққа қарай жаяулатып кетіп бара жатқан боларсың? Бізден ол жақтағы ағайындарға сәлем айт! – деп Асылбек бетін сипады.

«Полицей ауырып қалды...»

Көзін ұқалап ашса, жанында жатқан Қалқабай жоқ. Орнынан тұрып, үйді айнала беріп, дәрет сындырып тұрған, он метрдей жерде әжетхана тұр, оған баруды ойлаған жоқ. Кенет алыстан келе жатқан полиция көлігін көзі шалып қалды. Жата қалып қарады, тұрып та қарады, еңкейіп те қарады. Қалқабайдың үйінен төрт-бес үй ары тұратын өзінің үйіне қарай зулап келеді. «Мәссаған! Мынау бастық орынбасарының көлігі ғой! «Жаппарқұлда жан бар ма!» дегендей жүгіріп үйге кірді де, жерде жатқан шалбарын кие алмай әуреленді. Енді байқады, Қалқабайдың шалбары! Мұның шалбарын шайтан киіп кетті ме? Жүгіріп далаға шықты. «Қалқабай?» деп дауыстады. Әжетхана ішінен Қалқабайдың «сұқылдама!» деп жақтырмаған даусы шықты.

– Шалбарым қайда?

– Шалбарың сайда!

– Ойнап тұрған жоқпын!

– Мен ештеңе ойлап тұрған жоқпын!

– Сен әдейі тығып қойдың! Бастығым келе жатыр, тауып бер!

– Дамбалыңа қарауыл емеспін!

– Полицейский шалбармен ойнама. Жауап бересің!

– Қорқыта қалуын!

Ол жерге шырт түкірді, Қалқабайды күтіп тұрғысы келмеді, трусишең қисайып қалған шарбақтан аттап, көшеге атып шықты. Зуылдап келеді. Қарсы бетте Қарлығаштың құрбысы Қатира келе жатыр екен, сирағы сидиған Нартайды көріп, екі бетін алақанымен басып, жол шетіне отыра кетті. Нартай шоқиып отырған Қатираны енді байқап, кібіртіктеп қалып, кенет, үстінен ырғып өтті. Жесір келіншек желпіп өткен еркектің ауына тамсанып, артына бұрылып қараған күйі «мынаған не көрінген?» деп күбірледі. Нартайдың жынданған ештеңесі жоқ, алдынан шыға берген екі ешкінің үстінен де ырғып өтіп, безіп келеді. Өзі ырсылдап кеткен. Тер дегеніңіз бойынан Арыс өзені сияқты ақты. Бір әйел есігінің алдына шыға берген, көзіне жалаңбұт сияқтанып көрінді ме, жүгіріп келе жатқан Нартайды көріп, «Ойбуй, көтек! Мұнысы несі?» деген бойы үйіне қайта кіріп кетті. Не деген азапты сәттер еді? Өз үйіне әрең жеткен Нартай ашық тұрған дарбазаға басын соғып ала жаздап, қора жақта сиыр сауып отырған Қарлығашты байқамады, зуылдаған күйі жатын бөлмеге кіріп, көрпені бүркеніп жатып қалды.

– Әкем келді, әкем келді! Ур-ра! – деген ұлы Айдос анасына қарай жүгірді. Шелегіндегі сүтін кастрольге құйып жатқан Қарлығаш:



– Кім келді дейсің? – деп сұрады.

– Әкем келді! Ұйықтап жатыр!

Екі бүйірін таянған Қарлығаш аяғын жылдамдата басып, жатын бөлмеге кіріп келіп, дөңкиіп жатқан Нартайдың үстінен көрпесін жұлып алды. Нартай көрпеге ұмтылып, қайтадан жамыла қойды. Қарлығаш қайтадан жұлып алды.

– Бөтен үйде неғып жатырсың? – деп сұрады әйелі ызғар шашып.

– Қарлығаш, өтінемін...

– Керегің жоқ!

– Өтінемін, бастығым келе жатыр. Сұраса мені «ауырып қалды» дей салшы! Өмірімде бірінші рет өтінемін! Сосын кетемін.

– Қай жерің ауырып жатыр деймін?

– Қызуы қырық градус болды дейсің бе? Миы дырылдайды, өкпесі сырылдайды дейсің бе? Әйтеуір бір сылтауын тапшы, өтінемін!

– Естімедің бе? Ербол мен Майра Данабекті өлтіріп, қашып кетіпті дейді. Соған келген де. Ал, сенің жатысың мынау, қатыныңды төмпештеп. Алқаш! Жетер! Есіңе тағы салайын, біз адам болмаймыз!

– Түс қайта адам болайық. Қарлығаш! Құтқар мені! Аузымнан арақ иісі бұрқырап тұр!

– Сендей сүмелектің полицияда қызмет етуге қақысы жоқ! Сен көр қазушы боласың!

– Қалқабай ше?

– Ол министр болады! – деп кекетті Қарлығаш.

– Министрдің қатыны, өтінемін, құтқара гөр экс-байыңды!

Кенет сырттан полиция көлігінің бипілдеген даусы шықты. Нартай көрпені басына көтеріп жатып қалды. Жанына ұлы Айдос жата кетті.

– Айдос, далаға ойна! – деді әкесі оны итеріп.

– Әке, бірге ауырайықшы?

Нартай терезенің тұсына келіп, пердені сырғыта көздерін тысқа «лақтырып» жіберді. Әйелі бастықтың орынбасарымен әңгімелесіп тұр екен. «Қазір жөніне кететін болар? Жоқ ойбай, үйге қарай келе жатыр!» Ол жүгіріп келіп, төсегіне жата кетіп, көрпені бүркеніп алды. Баласы Айдос жүгіріп келіп, әкесінің қойнына қойып кетті. «Кет деймін, кете қойшы, балам!» деп сыбырлап жатса да, Айдосы кете қоймады. Қарлығашпен үйге қатар кірген Қайсар Естемесұлы жатын бөлменің есігін ашты.

– Капитан Бекмұратов!

– Саулығыңызды тілеймін, майор! – деді ол көрпені бүркеніп жатып.

– Иә, ауырып қалыпсың.

– Білмеймін, кешелі бері басым дыңылдап, құлағым шыңылдап, қолтығым ысиды, табаным қышиды.

Қарлығаш мырс етті.

– Көрпеден басыңды шығар, Бекмұратов!

– Басеке, ауырып қалғаныма бір түрлі ұялып жатырмын.

Қарлығаш көрпені жұлып алғанда, Нартай бүрісіп, Айдосын құшақтай алды. Айдосы ыржалақтап күле берді.

– Нартай, өтірік айтпа, әне, балаң да сенбей жатыр! Кетші бұл үйден. Құдай үшін! Айттым ғой, қанша рет қақсай беремін? Мен жарылдым, бомба жарылды! Сенімен бірге тұрғым келмейді! «Кет!» дегенде кез келген ит үрместен, құйрығын бұтына қысып алып, кете қалушы еді. Қай бетіңмен келіп жатырсың? Сенен таяқ жегенше, байсыз өткенім артық! – деді Қарлығаш.

– Мен «кет!» дегенге кетпейтін, құйрығын бұтына қысып алып, арсалаңдап келе беретін итпін, ал, қайтесің? – деген күйеуі төсектен атып тұрды.

– Бекмұратов, отбасылық мәселеңе қатысым жоқ, киініп менімен жүр! Ауылыңда адам өліп жатқанда үйіңде тығылып арақ ішіп жатқаныңды басекең кешіре қоймас!

– Менің шал-шалбарым «қайтыс» болып кетіпті…

– Түсінбедім?

– Жоғалтып алдым…

– Не айтып кеттің? Жүр менімен! – деп бұйырды майор.

– Осы күйімде ме?

– Осы күйіңде! Бұйырамын! Шагом, марш!

– Азаматтық шалбарымды киіп алайын.

– Көйлегіңмен сәйкес келмейді! Ереже бұзылады! Дабай, дабай, бастық күтіп қалды!

Бастығының алдына түсе берген Нартай ышқырын бір көтеріп қойды. Трусиінің резеңкесі босап кеткен бе, үзілген бе, масқара болатын түрі бар.

Жерге көмілген қазына

– Саған алғысым шексіз! – деген Ербол Асылбектің тұмсығына бір ұрып құлатып, шалбарының белдігімен қолын байлап тастады.

– Ербол, оның жазығы жоқ қой? – деп сұрады Майра.

– Куәнің де керегі жоқ. Сен осында күзетіп қал, ойда жоқта келген қазынамызды басқа жерге жасырып келейін.

Осылай деген ол көлік ішінен күрек тауып алды. Бірнеше қорапты жүк көлігінен алып шығып, Асылбектің атына теңдеп салды. Сосын атты жетектеп, ысқыра әндетіп, келесі қырдан асып кетті. Ол кеткен соң есін жиған Асылбек:

– Қарындасым, мен ештеңе көрген жоқпын! Зірением нашар. Полицияға тіс жармаймын! Мені босатып жіберсең, ұл табасың, – деп өтінді.

– Гинекологсың ба?

– Құдайдан тілеп жатқаным…

– Бізде бала жоғын қайдан білесің? – деп сұрады таңданған Майра.

Асылбек «аузын буған» өгіз емес, есесін жібере салатын ынжық емес, суға салса батпайтын, дарияға лақтырсаң құдай атпайтын, өртеп жіберсең – жанбайтын, аспанға лақтырып жіберсең, төрт аяқтап түсетін мысық сияқты еді. Тек жоқшылық қолын байлайтыны болмаса, жолының болмай, тірлігінің оңбай «қыздармен танысамын» деп үйіне қонбайтыны болмаса, жылпостығы, әртістігі бір бойына жетіп артылатын. Көзін сықсита қарап қойып, өтірікті соға салды.

– Көріпкелдігім бар еді…

– А-а, көріпкелдігің бар ма? Айта қойшы, біздің болашағымыз не болады?

– Болашақ? Қолымның байлауын шеше қойсаң, тамырыңды ұстап…

Майра ой түбіне сүңгіді. Малтып жүр. «Қолын шеше қойсам, бас салып, зорлап кетсе ше? Ербол келгенше ұлды болып қалсам ше?» деген қайдағы бір қиқым ойдың келгені… Перзент көрмей жүргенін кейде Ерболдан көретін. Кейде өзінен көретін. Кейде тағдырынан көретін. «Нартайға тигенде бала-шағалы болып, кішкентайының былғап қойған құйрығын жуып, памперсін тазалап, сосын ашқарақ баласын емізіп, емізіп болып, бесікке бөлеп, бесікке бөлеп болып, балаларының шаштарын ұстарамен қырнап алып, шаш біткенді сыпырып, қазанға ет салып қайнатып, үйді жайнатып, сиырын сауып, есік алдында отын шауып, қыт-қыттап жүрсе ғой, бір қора тауық!» деп ертеректе ойлағаны есіне түсті. «Нартай ішкіш, бірақ оны өзім тәрбиелеп алар едім, сорлы басым кезінде менсінбедім ғой! Өткенде сүйісіп қалғанымыз қалай кетті?».

– Жоқ, қолыңды шешпеймін, – деді ол. – Көзіме қарап болжай бер, нағыз көріпкел болсаң!

– Жарайды, қолыңды жақындата қойшы, тіліммен жалап бал аша беремін.

– Қызық екен.

– Маңызды болашақ…

«Маңызды» деген сөзіне селт ете қалған Майра Асылбекке жақындап, оң қолын ұсынды. «Керемет көріпкел» басын тұқыртып, оның білегінен жалап үлгерді. Майра жиіркеніп, басын бұрып отыр.

– Менің болжауымша сен еркек емес, әйелсің, – деді көріпкел.

– Ойбай, онсыз да әйелмін! Сосын?

– Бұрын бойжеткен қыз болғансың.

– Сосын?

– Балаларың жоқ. Құдай қаласа балалы болмайсыңдар.

– Неге?

– Байлыққа, дүниеге құмарсыңдар. Тура мен сияқты.

– Сосын?

– Жолыңды МАИ инспекторлары байлап алған. Ашу керек. Бүйрегіңде тас бар, көзіңде жас бар, ішектерің түйіліп, байланып қалған, көз алдың лайланып қалған. Өкпең шұрқ тесік, аузыңда сөз тұрмайды, құдды есік, миыңның жартысы құрттай бастапты.

– Сен тәуіпсің бе, көріпкелсің бе?

– Құдай маған екеуін де бере салған.

– Қазіргі жастар тілімен айтсам, «куып» отырсың. Өтіріктерің үшін мына таспен бір ұрып, жалпита салайын ба?

– Мені өлтіруге болмайды!

– Неге?

– Сиырлар өрістен қайту керек.

– Қай құдай айдап келді сені?

– Құдай ай, сендерді қай құдай айдап келді?

– Сені қинамай өлтіремін. Мына таспен басыңа «дың» еткізіп, бір емес, бес рет «музыкалатып» ұрсам, сеспей қатасың.

– Ауыртпай ұрсаң…

– «Керек тастың ауырлығы жоқ» деген сөздің мағынасын енді түсіндім. Бұдан былай сөмкеме тас салып жүрмесем.

– Атың кім?

– Оны қайтейін деп едің?

– Таныса отырайық дегенім ғой?

– Майра. Сен өзіңді Асылбекпін дедің бе?

– Асылбек. Сұрбойдақ. Бұрын сотталмаған. Бұрын осылай қолға түспеген, бұрын өліп көрмеген, бұрын осылай жалынбаған, бұрын жар қызығын көрместен, ұрпақ жаймастан, о дүниеге жедел аттанбаған.

– М-м-м, бір күнде төртінші өлік болсаң, полиция аяқтарынан тік тұратын шығар? Сосын бізді танкпен, ұшақпен, иісшіл иттермен іздесе керек! «Құрметті падашы Асылбек айдалада аттан құлап өліпті» деген хабар тарай кетсе қалай қарайсың?

– Белгілі падашы деген біртүрлі естіледі екен. Ептеп өлең жазатыным бар еді… Белгісіз ақын деп…

– Е-е. Өлең жазамын де? Былай хабарлайын ба? «Алдарыңызда белгісіз ақын, белгісіз падашы, гинеколог, терапевт, вулканизатор, сантехник, тағы не еді? Электрик!».

– Жәй падашы десең жетеді.

Шай қайнатым уақытта күрегін тақымына қысып, атын жорғалатып келе жатқан Ербол көрінді. Аттан секіріп түсті де, Асылбектің жағасынан алып:

– Сен ештеңе көрген жоқсың ғой? – деп сұрады.

– Көрген жоқпын. Соқырмын, соқыр болған соң, тыныш отырмын!

– Соқыр! Тіліңді шығар! Кесіп тастауым керек!

– Ойбай, кірпік – көздің, тіл – ауыздың көркі…

– Жібере салайық. Байғұс бұтына жіберіп қойды. Ешкімге айта қоймас, – деді ұрының қатыны.

– Полицияға хабарласаң, құлағыңа қайнаған су құямын. Сотталып кетсем де, қайтып келіп, сені тауып аламын. Жерге кіріп кетсең шашыңнан, аспанға ұшып кетсең аяғыңнан, мұхитқа сүңгіп кетсең, мұртыңнан тартып аламын. Қалай да жаныңды жай таптырамын, ұқтың ба?

– Ұқтым ойбай, ұқтым! Алла разы болсын, бұл жақсылығыңды тасқа қашап жазып қоямын!

– Қанша дегенмен, бізге көмектесті ғой? Жібере салайық, – деді Майра тағы. Ойланып тұрған Ербол оның қолын шешіп, белдігін беліне тағып алды. Сосын айнып қалып:

– Жоқ, Майра, сене алмай тұрмын. Лыпылдай береді, – деп айтып үлгерген жоқ, Асылбек оны ішіне теуіп құлатып, атына міне салып, құйындатып шаба жөнелді. Ербол жерде жатқан автоматты асығыс алып, артынан ата бастады. Бұрын автомат атып көрмеген атақты ұры көз ұшында құйғытып бара жатқан падашының соңынан күйіне қарап:

– Тфу! Енді не істейміз? Қазір полициямен бірге қайтып келсе ше? Жүр, есірткіні басқа тұсқа көміп тастайық! – деді.

– Шынында, полицияға хабар берсе кеш қаламыз! Бәлесінен аулақ, – деген Майра күйеуіне сұраулы жүзбен қарады. Оқиғаның дәл осылай аяқталғанына іші күйіп, ішектері жиырылып, бауыр, бүйрек, өкпесі қуырдақ болып кеткендей. Олар трассаға қарай жаяулатып келе жатқан. Алыстан аттылы көрінді. Шауып келе жатқан Асылбек.

– Мынауың жынды ғой! – деді Ербол. Асылбек шоқырақтап, шауып келді де, атының шылбырын тарта:

– Есімнен шығып кетіпті ғой, сау болыңдар, аман-есен жүріңдер. Мен ешқайда хабарламаймын. Жігіттік сөзім, – деп ойқастаған атының басын бұрып, шаба жөнелді.

(Жалғасы бар).